Қазақстан Республикасы президенті Қасым-Жомарт Кемелұлының Түркістан қаласында өткен «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда әділетті Қазақстанды құру үшін бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін ең бастысы әр азаматтың сана сезімі жаңғыруы қажеттігін халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін, әйтпесе басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өте отырып, «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» - ұлттық адами құндылықтарға негізделген. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсатында тәрбие жұмысы жоспарланған.

2023-2024 оқу жылы бойынша «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» «Ұлттық мүдде, ар-ұят, талап» құндылықтарын, 2024-2025 оқу жылы бойынша «Бірлік және ынтымақ, Заң және тәртіп, Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік, Жасампаздық және жаңашылдық, Тәуелсіздік және отаншылдық, Әділдік және жауапкершілік» құндылықтарын дарытуға бағытталған. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптар: отбасы, білім беру ұйымы, қоғамның жаппай қатысуымен кешенді түрде өткізілген.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес жоспарланған іс шаралар уақытылы өткізіліп, анықтамалары жинақталған. 32.official инстаграм желісіне жарияланған. Тәрбие бағыты бойынша кездесулер, семинар, дөңгелек үстелдер, сынып сағаттары, челленджер, байқаулар, сауланама т.б. жұмыстар өткізілген. Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталып, бағдарлама аясында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұшқыр-ой алаңы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «Тоғыз ай-тоғыз іс-шара», «Ата-аналар мектебі», «SMART бала» «Қамқор» «Шабыт», «Балалар кітапханасы» жобалары бойынша жұмыстар жүргізілген.

Ата-аналармен байланысты нығайту, мектеп өміріне тарту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жұмыс жасады. Орталық жоспары аясында ата-аналарға ай сайын сабақтар өткізіліп, бала тәрбиесіне қатысты түрлі форматтағы іс-шаралар өткізілді.

Сонымен қатар «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасын қалыптастыру үшін «Адал ұрпақ» ерікті мектеп клубы, «Тәртіп сақшылары» жасағы құрылған. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында “Мектеп парламенті” білім алушылардың өзін - өзі басқару органдарын дамыту Тұжырымдамасы негізінде сайлау өткізіліп, мектеп парламенті құрылған. Мектеп әкімшілігімен бірлескен жұмыс жоспарлары құрылып, анықтамалары жазылған, жүйелі жұмыстар жүргізілген.

«Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігі негізінде ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарға сәйкес рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм рухында тәрбиелеу мақсатында «Жас Ұлан» ұйымы құрылып, жоспар бойынша жұмыстар жасалынды. Ақтөбе облысы білім басқармасы ММ-нің 2023 жылдың 20 қыркүйегіндегі №2/4195 хатына сәйкес Облыстық білім басқармасы «Жас Ұлан» ұйымына қабылдауға қатысты 19.09.2023 жылғы №2/4175

жолдаған хаты бойынша жұмысты жалғастырмай, қараусыз қалдыру қажет екендігін хабарлады. Сондықтан гимназияда 2023-2025 оқу жылдарында «Жас Ұлан» және «жас Қыран» ұйымы қатырна оқушыларды қабылдау жүргізілмеді. Дегенмен, «Жас ұлан» ұйымының жұмыс жоспары бекітіліп, жүргізілген жұмыстарының ақпараттары жинақталып, инстаграм желісіне жарияланған. Гимназияда балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын ұйымдастырушы жетекші ретінде 2023-2024 оқу жылы аға тәлімгер Дәрменқұлова Айжан Қаласқызы тағайындалған. 2023-2024 оқу жылында Қалалық оқушылар сарайының ұйымдастыруымен Жаңа жыл қарсаңында өткізілген «Жаңа жылдық сыйлық» атты қайырымдылық акциясына қатысып, алғыс хатпен марапатталды. «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының туы, Гимні бар.

2023-2024 оқу жылдары бойынша *мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі* бойынша 2 - әлеуметтік педагог, 2- педагог - психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым - қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі гимназияның төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған. Гимназияның әлеуметтік төл құжаты бойынша Гимназияның әлеуметтік төл құжаты бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 150, толық емес отбасы саны -92, толық отбасы-610, жетім бала-1, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 1, жекелеген санаттағы білім алушы-50, мүгедек бала-4, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, денсаулығына байланысты үйден тегін жеке оқытылатын білім алушы саны – 0, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-0, мектепшілік есепке алынған білім алушы-5, сәтсіз отбасы-0.

Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекші білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған. Әлеуметтік мәртебесі бар білім алушылар тамыз айында 25.01.2008ж №64 қаулы негізінде қаржылай көмек көрсетіліп, оқулықтармен, ыстық тамақпен толықтай қамтылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын, Қазақстан республикасы Үкіметінің 24 сәуір 2020 жылғы № 158 бұйрығын негізге ала отырып алушылардың құжаттары жинақталып, 40 567 тг көлемінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» (өзгерісі 30.12.2020 № 949) басшылыққа алынған. Қаржылай көмек алу үшін тағайындалатын құжаттары «М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия " ММ – не тапсырылған. 25.01.2008ж №64 қаулы негізінде өтінішпен 59 (елу тоғыз) білім алушы және қыркүйек айында 2 (екі) білім алушы қабылданды. Ата – аналарға түсіндіру, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата – аналар түскен қаражатқа балаларына оқуға қажетті киімдерін алынған.

Көмек түрі		Қаржылық	Категориясы		
		Білім алушы саны	Берілген көмек	Жетім және ата – ананың қамқорлығынсыз қалған	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім

				бала	алушылар
	Мемлекеттік	Тамыз 59	Әр балаға	3	58
	к	Қыркүйек-2	40 567 тг		

р/с	Демеушілер	Қаншаға көмек берілді
1	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич «Жанұя» киім дүкеніне 20 000 теңгелік 10 дана сертификат	210 000 тг
2	Дүйсенбаева Алмагүл 1 оқушыға мектеп формасы	

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен, облыстық білім басқармасының 15.07.2024 жылғы №01-14/2288 шығыс хаты негізінде «М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясы» КММ – нің 2023 жылғы 8 тамыздағы №141 бұйрығы негізінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында жұмыстар жүргізілген. Кәсіпкерлерге акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайда отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен сұраныс хаттары жіберілген. Ақпараттық бұрыштар, хабарландыру гимназияның инстограм парақшасына «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізуге дайындық барысы жарияланған.

«Мектепке жол» акциясы аясында көрсетілген көмек түрі:

Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы кезінде көмек алған оқушылар туралы мәлімет.

№	Оқушының аты-жөні	Кл	Көмек түрі	Көрсетілген көмектің суммасы	Демеушінің аты-жөні
1	Калкаманова Фатима	6 б	Мектеп формасы	10 000 тг	Дүйсенбаева Алмагүл
2	Мейрам Медина	1 г	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
3	Серікпай София	1 г	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
4	Шимбай Айша	1 в	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
5	Айдарбек Айзере	4 г	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич

6	Болат Айдана	4 г	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
7	Наурызалина Алмира	6 а	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
8	Русланқызы Назлы	2 в	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
9	Сағнадинов Аңсар	9 в	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
10	Алматұлы Санжар	6 г	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
11	Калкаманов Данияр	8 г	«Жан ұя» киім дүкеніне сертификат	20 000 тг	№3 қалалық емхана ұжымы және бас дәрігері Жәнібек Қараевич
Барлығы: 210 000 теңге көлемінде көмек көрсетілді.					

2024-2025 оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі бойынша 2 - әлеуметтік педагог, 2- педагог - психолог қызмет атқарады. Білім алушы, ата – ана, педагогикалық ұжым арасында тұрақты, сенімді қарым -қатынас орнатылып, қауіпсіз орта құрылған. Мектептегі әлеуметтік психологиялық ахуал қалыпты, білім алушылардың психоэмоционалдық мінез құлықтық өзгерістері үнемі бақыланып, психологиялық денсаулығын қалыптастыруда психологиялық қызметтің бағыттары бойынша жұмыстар жүйелі ұйымдастырылған. Мектептегі әлеуметтік – психологиялық қолдау бөлімі тексеріліп, әлеуметтік педагогтің жылдық жоспары, анықтамалары, тексеру актілері, барлық категориялар бойынша білім алушылардың құжаттары жинақталған. Мектепте «Сенім» телефоны, «сенім» жәшігінің жұмысы ұйымдастырылып, жауапты мамандар бекітілген, «сенім» жәшігі гимназияның төменгі бірінші қабатында орнатылған. Әр апта сайын сенім жәшігі ашылып, акт толтырылып, түскен хаттарға жауап берілген. Келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында Мобилдік топ құрылып, жұмыс жоспары мен құрамы бекітілген. Отырыстар өткізіліп, хаттамалар толтырылған. Гимназияның әлеуметтік төл құжаты бойынша Гимназияның әлеуметтік төл құжаты бойынша 2024-2025 оқу жылы бойынша көп балалы отбасы саны – 260, толық емес отбасы саны - 70, толық отбасы-625, жетім бала-1, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала – 1, жеке санаттағы білім алушы-48, мүгедек бала-11, ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар саны – 1, кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар-5, мектепшілік есепке алынған білім алушы-0, сәтсіз отбасы-0. Сынып жетекші, әлеуметтік педагог, психолог, мектеп әкімшілігі бірлескен өгей ата- анамен тәрбиеленетін, аз қамтылған, ерекші білім беруді қажет ететін білім алушылардың үйлеріне тұрмыстық зерделеу жұмыстары жүргізіліп, акт жасалған. Әлеуметтік мәртебесі бар білім алушылар тамыз айында 25.01.2008ж №64 қаулы негізінде қаржылай көмек көрсетіліп, оқулықтармен, ыстық тамақпен толықтай қамтылған. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысын, Қазақстан республикасы Үкіметінің 24 сәуір 2020 жылғы № 158 бұйрығын негізге ала отырып алушылардың құжаттары жинақталып, 43 407 тг көлемінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуде. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 22 ақпандағы №255 Қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы

білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидалары» (өзгерісі 30.12.2020 № 949) басшылыққа алынған. Қаржылай көмек алу үшін тағайындалатын құжаттары «М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия» ММ – не тапсырылған. 25.01.2008ж №64 қаулы негізінде өтінішпен 46 (қырық алты) білім алушы және қыркүйек айында 12 (он екі) білім алушы қабылданды. Ата – аналарға түсіндіру, кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Ата – аналар түскен қаражатқа балаларына оқуға қажетті киімдерін алынған.

	Көмек түрі	Қаржылық		Категориясы	
		Білім алушы саны	Берілген көмек	Жетім және ата – ансының қамқорлығынсыз қалған бала	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылар
	Мемлекеттік	Тамыз 46 Қыркүйек-12	Әр балаға 43 407 тг	2	56

р/с	Демеушілер	Қаншаға көмек берілді
1	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович	160 000 тг
2	11 а сынып оқушысы Мұратов Азиздің анасы Айлешова Ырысжан	
3	Абдыхалыкова Дина Темиргалиевна Бекжанова Бакыткул Тойшимановна	
4	4 в сынып оқушысы Алатау Раминаның әкесі Ақтанов Дидар	
5	4 «В» класс оқушысы Махамбет ата-анасы Ильясов Арсен Мергенова Гулзат	

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бастамасымен, облыстық білім басқармасының 15.07.2024 жылғы №01-14/2288 шығыс хаты негізінде «М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясы» КММ – нің 2024 жылғы 02 тамыздағы №122а бұйрығы негізінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға оқу жылының басталуына дайындық кезінде материалдық қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша балалардың мектепке келмеуінің алдын алу мақсатында «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясы аясында жұмыстар жүргізілген. Кәсіпкерлерге акцияға қосылу және өмірлік қиын жағдайда отбасылар мен балаларға көмек көрсетуге өз үлесін қосу ұсынысымен сұраныс хаттары жіберілген. Ақпараттық бұрыштар, хабарландыру гимназияның инстаграм парақшасына «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізуге дайындық барысы жарияланған.

«Мектепке жол» акциясы аясында көрсетілген көмек түрі:

1-30 тамыз аралығында өтетін Республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясында көмек алған оқушылар туралы мәлімет. 2024 жыл, тамыз айы

№	Оқушының аты-жөні	Кл	Көмек түрі	Сумма	Демеушінің аты жөні
---	-------------------	----	------------	-------	---------------------

		сы			
1	Умбеткалиев Альхан	4 в	Ақшалай	25 000	4 в сынып оқушысы Алатау Раминаның әкесі Ақтанов Дидар
2	Умбеткалиева Айлин	4 в	Ақшалай	25 000	4 в сынып оқушысы Алатау Раминаның әкесі Ақтанов Дидар
3	Турегали Дамира	1 д	Сөмке, оқу құралдары	9000	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович
4	Шимбай Хадиша	1 в	Сөмке, оқу құралдары	9000	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович
5	Опина Милана	7 б	Оқу құралдары	11 000	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович
6	Опина Риана	7 б	Оқу құралдары	11 000	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович
7	Калкаманов Данияр	9 г	Оқу құралдары	10 000	Абдыхалыкова Дина Темиргалиевна Бекжанова Бакыткул Тойшимановна
8	Кульназаров Ержан	10 ә	Сиыр еті 10 кг, мерекелік букет	25000 5000	11 а сынып оқушысы Мұратов Азиздің анасы Айлешова Ырысжан
9	Наурызалина Амира	7 а	Оқу құралдары, мерекелік букет	5000 5000	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович
10	Мадьярқызы Сумайя	1 в	Оқу құралдары	5000	Кеулимжаев Қаныбек Жаксылыкович
			Барлығы	145 000 теңге	

2 мамыр қасиетті жұма күні қарсаңында төмендегі отбасыға азық-түлік түрінде көмек көрсетілді.

№	Оқушының аты-жөні	Класы	Көмек түрі	Суммасы	Демеушілер
1	Турегали Айару	4 в	Азық-түлік	15 000 тг	4 «В» класс оқушысы Махамбет ата-анасы Ильясов Арсен Мергенова Гулзат

2025-2026 оқу жылы оқу жылдары бойынша мектептегі әлеуметтік - психологиялық қолдау қызметі бойынша 2 - әлеуметтік педагог, 2- педагог - психолог қызмет атқарады.

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» № 591 Заңы (өзгерісі 30.12.2024 ж. № 148-VIII) негізге ала отырып, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік алдын алу кеңесі құрылып, жергілікті полиция бөлімімен бірлескен

жұмыс жоспарлары құрылып, отырыс хаттамалары жинақталған. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары бойынша жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алуға байланысты мектепшілік тәртіп сақшылар тобы құрылған.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 57- тармақшасына сәйкес ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.04.2025 № 98 бұйрығы негізінде оқу-тәрбие процесі шеңберіндегі қызметін үйлестіру бойынша сынып жетекшісіне жүктелген функцияларды айқындау мақсатында 2023– 2024 оқу жылы бойынша сынып жинағы-55 сынып жетекші, 2024-2025 оқу жылы бойынша -56 сынып жетекші тағайындалған. 2023 жылдың 1 қыркүйегінде гимназия директорының №204 бұйрығына сәйкес сыныптарғы тәрбие жұмысын жүзеге асыру үшін 55 сынып жетекшілер, 2024-2025 оқу жылының 2 қыркүйегінде №152 бұйрығыны негізінде - 56 сынып жетекші тағайындалған. Сынып жетекшілермен жүйелі жұмыстар жүргізіліп, хаттамалары жинақталған.

Сынып жетекшілердің сапалық құрамы

Жылдар	Сынып жетекшілер	Жоғары білімді	Арнаулы орта
2023-2024 оқу жылы	55	54	1
2024-2025 оқу жылы	56	54	2

Сынып жетекшілердің біліктілік санаты

Жылдар	Модератор	Сарапшы	Зерттеуші	Шебер	Жоғары, I, II санатты	педагог
2023-2024	9	11	31	-	-	4
2024-2025	13	11	29	-	-	3

білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру;

2023-2024 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойын сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу». 2024-2025 оқу жылында тәрбие жұмысының мақсаты «Қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру»

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табылған. ҚР ОАМ 2023 жылғы 19 қыркүйек № 294 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын», Ақтөбе облыстық білім басқармасының 2023жылы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығын, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2023 жылдың 21 қыркүйектегі № 303 бұйрығын негізге ала отырып гимназия директоры А.С.Джамбуллованың 2023 жылдың 22 қыркүйек №234(А) бұйрығына сәйкес жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. Бағдарлама барысында «Оқуға құштар мектеп», «Балалар және театр», «Еңбегі адал жас өрен», «Ұшқыр ой алаңы», «Жеткіншектің жеті жарғысы», «Ұлттық мектеп лигасы», «Ғаламтор қауіпсіздігі», «Төрт тоқсан-төрт өнер», «9 ай – 9 іс-шара», «Ата-аналар мектебі» жобалары бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды.«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу. М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия» КММ-нің тәрбие жұмысының мақсаты: Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту.Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұлға бойына шоғырланған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында педагогтерге тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен тиімділігін арттырудың жолдары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Білім алушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу

мақсатында бірнеше жобаларды басшылыққа ала отырып, іс-шаралар ұйымдастырылған.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша каникул кездерінде кітап оқу жолға қойылған. «Тәуелсіздік мен үшін» атты патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджі, «Бір отбасы – бір кітап кітап» отбасылық челленджі, көңілді қоңыраулар, букроссинг өткізілген. Ж.Аймауытовтың туғанына 135 жыл толуына орай «Жақұты барға жасың түспиді» тақырыбында 10 «В» сыныбы Ж.аймауытовтың шығармашылығына саяхат жасаған. Сонымен қатар каникул кезінде тарихи орындармен танысу мақсатында класс жетекшілерімен бірге «Күзде жалықпаймыз, кітап оқимыз» шарасы аясында Тараз, Шымкент, Түркістан қалаларына барып, ата-баба тарихын тереңірек біліп, бойларына рухани мол азық алған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің туындыларымен танысу үшін С.Жиенбаев атындағы облыстық кітапханаға саяхат жасаған. Жоба аясында «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі», «Парасаттылық туралы», «Мен оқыған бір ертегі», «Абайдың «Толық адам» ілімі», «Мақал-сөздің азығы, жұмбақ-ойдың қазығы», «Қазақ даласының ұлы тұлғалары», «Ұлттар достығы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілген. 14-ақпан халықаралық кітап сыйлау мерекесіне орай гимназия оқушылары мен ата-аналары гимназия кітапхана қорына тарту жасап, кітаптар сыйлаған. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жалпы білім беретін мектептерарасында «Кітап-білім бұлағы» атты зияткерлік сайысы өткізіліп, Файзуллин Алдияр жүлделі I орынды иеленген. Қ.Қайсеновтың «Жау тылындағы бала» шығарма желісі бойынша оқушылар арасында автордың Ұлы Отан соғысы кезінде жау тылындағы партизандардың басқыншыларға қарсы жасаған зор ерліктерін үлкен тебіреніспен суреттеп жазған шығармасын ерекше күймен оқып, сезініп, ой бөлісу өткізілген. Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, ақыл-ойын, тілін дамыту және кітапты жақсы көруге, ғибрат сөздерден үлгі-өнеге алуға, кітапты құрметтеуге баулу мақсатында «Кітап мәңгілік елдің құндылығы» атты 5-сынып оқушылары арасында сайыс өткізілген. «Танымның бар тамшысы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа» деп Абай атамыз айтқандай, гимназия оқушысы Кәдірбек Сандина Ақтөбе құрылыс сонтаж колледжінде білім алушылармен кездесіп, ой бөлісіп қайтқан.

«Балалар және театр» жобасы аясында гимназияда 1-4 сыныптар аралығында оқушыларды тазалыққа баулып, достықты бағалау үшін «Тазалық сақшылары» атты театрландырылған қойылым қойылған. «Қош келдің, Жаңа жыл -2024» атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырылып, ертеңгілік кейіпкерлері және Аяз Ата мен Ақшақар рөлінде ойнап, жаңа жылдық қойылым қойылып, театр ұйымдастырылған. Каникул кезінде де жұмыстар жүргізіліп, уақытты тиімді пайдалану мақсатында «JOL» театры Т. Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрында «Мұғалім» қойылымын ұсынған және сол қойылым мектеп оқушылары барып әсер алып қайтқан. Және жоба негізінде «Қазақ тілі және әдебиеті» пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театр әртісі, «Үздік ер адам рөлін сомдаушы-2022» атағының иегері Төлеуғалиев Бағдат Төреханұлымен оқушыларды шығармашылыққа баулу, мәдени құндылықтарын көтеріп, рухани дамыту және мектепте театр өнерін одан әрі жандандыру үшін 10-11 сынып оқушылармен кездесу ұйымдастырылған. Сонымен «Балалар және театр» бағыты бойынша 4 «А» сыныбында оқушылардың шығармашылық қабілетін арттырып, көңілді күй сыйлау және ой-өрісін кеңейту мақсатында «Жыл 12 ай» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтіп, оқушылар қойылым қойған. Және «Оян,қазақ!» қазақ фильмінен қойылым қойған. Гимназияның 8 сынып оқушысы Бурин Ерали Ерназарұлы өзінің шығармашылығы мен өнерге деген қызығушылығының арқасында «Мейрам» балалар киностудиясының түсірген «Тағдыр» атты жобасында басты рөлді сомдап, ерекше көзге түскен. Гимназияда жоба аясында оқушылардың актерлік шеберлігін дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдау мақсатында мектеп оқушылары мен ұстаздарына арнап М.Әуезовтың «Қаракөз» пьесасын, «Қаңбақ шал» ертегісінен қойылым қойған.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында оқушылардың күзгі демалысын тиімді пайдалану мақсатында 30 қазан күні 8-9 сыныптар арасында және 31 қазан күні оқушылар арасында «Күзгі бал-2023» кеші өтті. 5-7 сыныптар арасында оқушылар барлық еңбек адамдарының сый-құрметке лайық екенін, мамандықтың жаманы жоқ екенін түсіндіру мақсатында «Еңбек бәрін де жеңбек», «Еңбек ырыстың бұлағы» тақырыбында шығарма жазу байқауы өткен. «Әкеге ізет, анаға құрмет», «Менің жетістігім – менің нәтижем», «Қалдықтарды табысқа айналдырайық», «Өзіңді мамандықтар әлемінде тап», «Құстар – біздің досымыз», «Достық – көмекпен бірдей» атты тәрбие сағаттары өткілген. Жоба аясында су мен электр энергиясын үнемдеуге бағытталған «Үнемділік инноваторы» акциясы жарнамалық жұмыстары конкурсы өткізілген. «Еңбек күні» мерекесіне орай мектеп қызметкерінің еңбегін бағалап, ұстаздық жолындағы еңбегін кеңінен таныту мақсатында Елшибекова Сауле, Раева Айна апайлар «Еңбек адамы» деп бағалаған. Еңбек күніне орай «Еселі еңбек – ел ертеңінің кепілі» тақырыбында ардагер ұстаздарды марапаттау шарасы

ұйымдастырылған. Сонымен қатар өз еңбек жолын таңдап, қалыптастыра білген мектеп түлектерімен «Табысты түлек» атты және еңбек күніне орай ардагер ұстаз, білікті маман Қуанышева Роза Қуанышқызымен кездесулер өткен. Мектеп оқушылары жалпықалалық тазалық сенбілігіне де қатысқан. Бастауыш сынып оқушылары арасында бөлме өсімдіктерінің дәрілік, шипалық қасиеттері мен адам өміріндегі маңызы туралы, өсімдіктерді өсіріп, күтіп-баптау жолдарын түсіндіру арқылы білім беру мақсатында «Ең сәнді гүлдендірілген сынып бөлмесі» байқауы өткізілген. «Күз кереметтері - 2023» атты көрме байқауы ұйымдастырылған. Мақсаты оқушыларды адал еңбекке, отансүйгіштікке, адамгершілік пен еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Жобая аясында 10 сынып оқушылары «Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық акциясы өткізіліп, «Үміт» балалар үйіне барып қолдау көрсеткен. Сонымен қатар «Үлкендер жолы – ұлылық, ұрпағы жүрер ұғынып» деген атаумен «ҚР Білім беру ісінің үздігі», Ы.Алтынсарин атындағы төсбелгі иегері, «ҚР Тәуелсіздігіне 10 жыл» және «ҚР Тәуелсіздігіне 20 жыл» төсбелгі иегері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, көрнекті педагог Малайдар Марта Есіркепқызымен кездесу өткен.

«Ұшқыр-ой алаңы» зияткерлік тәрбие жобасы аясында халықты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және жолын кесу, қоғамда отбасының рөлін нығайту мақсатында «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» мектепшілік дебат турнирі өткізілген. Турнир соңында қатысқан оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталған. Оқушылардың ойлау қабілеттерін, тапқырлығын, жылдамдығын, таным белсенділіктерін арттыру мақсатында «Кішкентай білгірлер» зияткерлік сайысы өткен. Жоба аясында Облыстық білім басқармасының қолдауымен Қ.Жұбанов атындағы АӨУ «Заман біздікі» интеллектуалды элиталар одағының ұйымдастыруымен өткен оқушылар арасында Шәкен Аймановтың туғанына 110 жыл толуына орай ұйымдастырылған «Ұлт болашағы – ұрпақ санасы» атты пікірсайыс турнирі өтіп, 1-орынды Садыбеков Арыстан, 2-орынды Дауыл Құндыз, Жұмағазин Аят және «Ең Үздік спикер» атағын Садыбеков Арыстан жеңіп алған. Жоба аясында 2-сынып оқушылары арасында оқушылардың жан-жақты сауатты, дарынды, озық болуға, еркін сөйлей білуге үйрету үшін «Тапқыр болсаң, тауып көр» тақырыбында интеллектуалды сайыс өткен. Оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын, ұйымшылдығын арттырып, көңілді сергітіп, жаңа күйге және көңілді көтеру мақсатында көңілді қоңыраулар ұйымдастырылған.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында Ақтөбе қаласы ПБ ППБ қызметкерлері Тұңғыш Президент атындағы орталық саябақта орналасқан «Жас жол инспекторы» қалашығында М.Құрманғалиев атындағы №32 гимназияның 6-сынып оқушыларына практикалық сабақ өткізілген. Сонымен қатар «Өнегелі өмір» атты тақырыбында оқушылар арасында тәрбие сағаты өткізілді және эссе жазылды. Оқушыларды жол белгілерімен, жолда жүру ережелерімен таныстыру мақсатында 3-сыныптар арасында «Жол ережесін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында сайыстар мен тәрбие сағаттары өткізілген. «Көк тудың желбірегі», «Ұлттық рух-тәуелсіздік тірегі», «Тәуелсіз елім - Қазақстан», «Тәуелсіздік-тұғырым», «Тарих пен тіл тамырлас», «Жеңісімді тәуелсіздікке арнаймын», «Қазақстан-біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ», «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі», «Қазақстан елі – менің Отаным» тақырыптарында сынып сағаттары мен танымдық сабақтары өткізілген. Сонымен қатар жоба аясында 8-сынып оқушысы Үмбетай Тоғжан «Мен ақын болмас едім» атты шығарманы, 5-сынып оқушылары Сәрсенбай Шыңғыс, Мерғалиева Азиза, Ермекқызы Айшабибі, 8-сынып оқушысы Темірбек Жансая, Жұмағазин Аят пен Еришов Арсен, 7-сынып оқушылары да туған өлкелерінің ақындарының шығармаларын мәнерлеп оқыған. Оқушылардың адам құқығы, оның ішінде бала құқығы жөнінде түсінігін кеңейту, өз құқықтарын біліп, құқықтық тәрбие беру мақсатында 5,8-сыныптарға «Сен және Заң», 3,7-11-сыныптарға «Құқықбұзушылықтың алдын алу», Ұлттық мәдениетіміздің бір бөлігі – ана тілінің қадір қасиетін түсіндіру, ана тіліне деген құрметін арттыру үшін «Сөз қадірі – өз қадірің», «Өрле, Қазақстан», «Ұлы дала мұрагерлері» экологиялық тәрбие беру үшін «Қоқысты қайта өңдеу процесі» тақырыптарында тәрбие сағаты өткен. Оқушылардың мінез-құлық туралы түсінігін кеңейту, жақсылық пен адамгершілікке тәрбиелеу үшін «Мектептегі мінез-құлық ережелері» тақырыбында әлеуметтік бейнеролик түсірілген. Болашақ ұрпақтың рухани тұлғалық және адамгершілік құндылықтарын дамыту, Отанын сүйуге, ел тарихын білуге, еліміздің мемлекеттік рәміздерін қастерлеуге, отанымыздың байлығын қорғауға, елімізді өркендетуге білімді ұрпақ болуға тәрбиелеу мақсатында «Жүрегім-қазақ» тақырыбында және Жошы ұлысының 800 жылдығына арналған бірыңғай тәрбие сағаттары, 12-сәуір Дүниежүзілік авиация және ғарышкерлер күніне арналған тәрбие сағаты, қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы, патриот тәрбиелеу мақсатында «Мен өз елімнің патриотымын» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілген. Жоба аясында оқушылардың кітап оқуға ынтасын арттыру мақсатында 5-сынып оқушылары С.Бәйішев атындағы және

С.Жиенбаев облыстық кітапханаларында танымдық тәрбие сағаты ұйымдастырылып, экскурсия жасалған.

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы бойынша 9-11 сыныптар арасында қыз балалардан волейбол секциясы жүргізілген. 6,8,10,12,14,16,18 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар арасында өткен Ақтөбе облысының чемпионатында 5 сынып оқушысы Төрехан Нұрали 2-орынға ие болған. Ақтөбе қаласының дене тәрбиесі және спорт бөлімі ұйымдастырған жалпы білім беретін мектеп мұғалімдері арасында президенттік сынақта М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия командасы жүлделі 2-орын иеленген. Спортты насихаттай отыра балаларды салауатты өмір салтын сақтауға баулу, патриотизмге тәрбиелеу, мектеп оқушылары арасында құқықбұзушылықты алдын алу мақсатында М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназияда «Еліміздің рухын көтерген – спорт саңлақтары» тақырыбында оқушылар мен Халықаралық спорт шебері әрі Ақтөбе полиция департаментінің қызметкері Толепбаев Айдын Орынбайұлымен кездесу өткізген. Жоба аясында «Әлемді бағындырған жерлесіміз» атты жас ұрпақты салауатты өмір салтына бағыттау мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында гимназияның үздік спортшысы, Италия мемлекеті, Сицилияда еліміздің абыройын көтеріп, намысын көтеріп жүрген, гимназия мақтанышы Даркен Зирамен кездесу өткізген. Алматы облысы филиалының ұйымдастыруымен Қаскелең қаласында өткен республикалық киокушинкай-кан каратэден «Kaskelen cup» турнирінде 7 сынып оқушысы Мирхан Айыру 1-орынды иеленген. Футболдан Шымкент қаласында өткен Республикалық турнирде «Арман» құрама командасының мүшесі 5 сынып оқушысы Талпаков Әділет жалпы командалық есепте 1-орын және «Үздік қақпашы» кубогын иемденген. Сонымен қатар 3 сынып оқушысы Бағдаулетов Тамирлан Ұлттық спорт жекпе-жектер жасөспірімдер мен жастар арасындағы Ақтөбе қаласының ашық турнирінде 35 кг салмақ дәрежесінде I,II орындарды жеңіп алған. Ақтөбе 11 мөлтек ауданында мектептер арасында ұйымдастырылып жатқан футболдан ашық турнирде алғыс хатпен марапатталған. Жоба аясында 4-6 сыныптар аралығында оқушылар бойына отансүйгіштік, патриоттық сезімдерді қалыптастыру және салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында «Тоғызқұмалақ-дау» тақырыбында интеллектуалды сайыс өткен. Жалпы және қосымша білім беру ұйымдарының оқушылары арасында ұйымдастырылған «Тоғызқұмалақ – ұлтымыздың ақыл-ой спорт түрі» тоғызқұмалақ жарысында командалық есепте гимназиямыздың 3-4 сынып оқушылары жүлделі III дәрежелі орынды жеңіп алған. Республикалық қоғамдық бірлестігінің «Бүкіл Қазақстандық Ұйым Кекушинкай каратэ-додан» балалар, жасөспірімдер және ересектер арасындағы облыстық чемпионатында 1-орынды гимназияның 3-сынып оқушысы Бақытберген Дарын жеңіп алған. 5-сынып оқушысы Мамбет Ақжан мен 3-сынып оқушысы Галым Амина «Таеквандодан ашық турнирінен» жүлделі I орынды жеңіп алған. Павлодар қаласында өткен Республикалық «Самбо» күресінің турниріне қатысып, чемпион атағын иеленген 10-сынып оқушысы Амантай Нұрбақыт иеленген. Мария Құрманғалиеваның 90 жылдық мерейтойына орай гимназия базасында қалалық №9 орта мектеп гимназия, №35 орта мектеп, №37 орта мектеп, №27 мектеп-лицейі және М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясының білім беру қызметкерлері арасында волейболдан жарыс өтіп, гимназия командасы жүлделі 1-орынды жеңіп алған. 1-сынып оқушысы Галым Амирхан қоян-қолтық ұрыстан Ақтөбе облыстық чемпионатында 6-7 жас аралығында 22 кг салмақтық категориясында I орынды, 30 кг салмақтық категориясында 2 сынып оқушысы Ұлықпан Әлімжан I орынды жеңіп алса, 24 кг салмақтық категориясында 1-сынып оқушысы Иса Бекарыс III орынға ие болған. Гимназияның «Жау жүрек» тобы 7-сәуір дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне орай «Спорт және мен» марафонына қатысып, I орынға ие болған. Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтар Федерациясы қолдауымен Аутизм проблемасы туралы Бүкіләлемдік ақпарат тарату күніне орай ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар арасында ұйымдастырылған «Балдәурен» республикалық фестиваль-конкурсында өнерімен ерекшеленген Алматылы Санжар вокал номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталған. Шымкент қаласында жасөспірімдер арасында өткен Еуропалық теннис лигасына гимназияның 7 сынып оқушысы Амандиков Адиль жүлделі 2-орын иеленген. Қоян қолтық ұрыстан және аралас жекпе-жек федерациясының ұйымдастыруымен өткен Ақтөбе облыстық чемпионатында қоян-қолтық ұрыстан 8-сынып оқушысы Истлеев Тамирлан жүлделі I орынды және қаржылық сиыйға ие болған. 3-сынып оқушысы Ильясов Махамбет пен Егеубай Нұрасыл Ақтөбе облыстық таекван-до GT чемпионатында 8-9 жас аралығында II дәрежелі дипломмен марапатталған. Қалалық робототехника чемпионатында Жумабеков Нұрали, Кенжебай Райымбек пен Оңғарбай Амирхан «Робофутбол» санаты бойынша жүлделі 3-орынды иеленген. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты бағдарламалық мақаласын насихаттау мақсатында өткізілген республикалық эссе жазу байқауына қатысып «Қазақстан дарыны» номинациясы бойынша гимназияның 3-сынып

оқушысы Адмадин Әлім жеңімпаз атанған. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы «Ұлттық лига» жобасы аясында микротоп командалары арасында дене шынықтыру пәні мұғалімдерімен шығармашылық матчтар өткізілген. Таеквондадан (WT) «Намыс» пен «Абырой» спорт клубтарының бірлесіп өткізген ашық турнирінде 2010-2012 жылғылар арасында 40 кг салмақ дәрежесі бойынша 1-орын алғаны үшін Мәмбет Ақжан марапатталған. 3-сынып оқушысы Есен Нұрсезім Батыс Қазақстан облысы бойынша өткізілген қысқы спорт түрі конькимен мәнерлеп сырғанау ашық турнирінде жүлделі I орынға ие болған.

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында «Отбасылық дәстүрлер» тақырыбында отбасы құндылықтарын насихаттауға арналған челлендж өткізілген. 8-сынып оқушылары арасында ұялы байланыс құралдарының адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынастың дамуына кедергі жасайтынын көрсету мақсатында «Гаджетсізсіз бір күн» акциясы ұйымдастырылған. Мектеп оқушылары Quiver бағдарламасымен сабақтар және «Код сағаты» білім беру акциясын ұйымдастырған. Сонымен қатар балалардың ақпараттық қауіпсіздігін және цифрлық сауаттылығын қамтамасыз ету мақсатында кибербуллинг туралы түсіндірме жұмыстары да жүргізілген.

«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің тапсырысы бойынша еліміздің барлық мектептерінде бір мезгілде білім алушыларды рухани-адамгершілік, эстетикалық, патриоттық бағытта тәрбиелеу, мәдени құндылықтарды сақтау және ұлттық ойындарды дәріптеу мақсатында ұлттық ойындар челленджі өткен. Осыған орай, гимназияда оқушылар «Бес табан» және «Бес асық» ойындарын ойнаған. Ұлттық мәдени-ағартушылық жобаның «I тоқсан-ақындар айтысы» тақырыбы негізінде мектепте сөз өнерін меңгеріп, жыр шумақтарын құрауға талпынып жүрген оқушылар бар екен. Солардың бірі Құлшынбаев Ізбасар мен Тыныштық Алпамыстың жыр шумақтары ұсынылған. Гимназия оқушылары Әбілхайыр ханның 330 жылдығына арналған «Ұлтын сүйген ұлы тұлға» атты республикалық айтысында волонтерлік қызмет атқарған. Сонымен қатар 3-сынып оқушылары Наурызбаева Амира «Ең қымбат жан», Темірбек Диас «Күз кереметтері», Рашид Кәусар «Табиғатты қорғайық» тақырыптарында, 4-сынып оқушысы Ақмырзаева Ақерке «Біздің жанашырымыз» тақырыбында облыстық «Ақтөбе» газетіне мақала жариялаған. Білім алушылардың адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды дамыту мақсатында оқушылар арасында «Алтын сақа» республикалық челленджі ұйымдастырылған.

«Тоғыз ай-тоғыз іс-шара» жобасы аясында «Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытуда мектеп пен отбасының маңызы» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілген. Оқушылардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында республикалық «Сергіту сәті» челленджі өткізілген. 8-сыныптарда халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұту мақсатында «Ұлттық қолөнердің жаңғыруы - жанұядан» тақырыбында шебер класс өткен. Сонымен қатар жоба аясында мектепшілік бірыңғай шығарма жазылған. «Қыран елім - Қазақстан» атты Мемлекеттік Гимнді орындау, «Алтын сақа» челленджері өткізілген. Жоба аясында 26 қаңтар күні білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету мақсатында, физика-математика ғылымдарының докторы профессор ҚР ҰҒА академигі, ғалым математик Жұмаділов Асқар Серкұлұлының авторлық есептерін шешуге арналған «Қазақ есебі» челленджі өткен. Челленджге бастауыш сынып, 10-11 сынып оқушылары қатысқан. Жоба аясында «Ақпан – оқуға құштарлылық айы» негізінде кітапханамен байланыстары мен әдеби тұлғалардың шығармаларын оқуды одан әрі дамытқан. Аталған жоба аясында оқушылар ғана емес, ұстаздар мен ата-аналар да белсенді түрде қатысқан. Білім алушылардың зияткерлік қабілетін шахмат ойыны арқылы дамытуды дәріптеу, сыни және логикалық ойлауын дамыту мақсатында «Шахмат ойнау» челленджі өткізілген.

«Ата-аналар мектебі» жобасы бойынша гимназияда түрлі шаралар өткен. Атап айтсақ, гимназияның 4-сынып арасында өткен «Әке, ана және мен» интеллектуалды байқауына белсене қатысып, II орынды иеленген. Қазан айынан бастап ата-ана мен мектеп арасындағы байланысты нығайту және ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру мақсатында ата-аналар кезекшілігі құрылып, жұмыс жүргізілген, әлеуметтік парақшаға жарияланған. Жүйелі түрде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының кабинеті ашылып, сабақтары жүргізіліп, әлеуметтік желілерге жарияланып отырған. «Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамыту» тақырыбында ата-аналар комитетінің жиналысы өтіп, балаларды тәрбиелеу мен дамытуда ата-аналардың жауапкершілігін арттыру, білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, балалардың әлауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық және әлеуметтік құзыретін дамытуда ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау ұйымдастыру мәселелері қаралған. Гимназияда «Әкелер мектебі» жобасы іске асырылған. Жобаның мақсаты: балалар

тәрбиесінде отбасы рөлін көтеру. Білім алушылардың отбасылық және әлеуметтік құндылықтары мен құзыретін қалыптастыруда отбасы, мектеп, әлеуметтік серіктестердің өзара ынтымақтастығын орнатуға жағдай жасау. Жоба аясында «Әкеден ақыл», «Отбасындағы ортақ тіл», тақырыбында тәрбие сағаттары өткізілген. Қалалық әкелер клубы отырысына және «Әке болу» институтын дамытудың жаңа тәсілдерін әзірлеу, отбасылық құндылықтарды нығайту және өскелең ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Әке – асқар тау, биік шың!» атты Ақтөбе қаласының 155 жылдығына арналған форум өткізіліп, мектеп әкелері қатысқан. «Қыз абыройы-ұлт намысы», «Әкенің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткен. «Әкемен өткізілген бір күн», «Отбасыммен өткізген қуанышты күндерім» тақырыбында бейнероликтер ұйымдастырылып, әлеуметтік желіге жарияланған. Ата-аналар жиналысы тұрақты түрде жүргізіліп отырған. Сонымен қатар жоба аясында ата-ана, мұғалім, оқушы үштігінің ынтымақтастықта жұмыс жасау мақсатында «Жетістік кілті - бірлікте», атты сынып сағаты өткен. Гимназия оқушылары арасында «Үйрен жақсы әдептен..» тақырыбында бейнероликтер челленджі өткізілген. «Ата-аналар мектебі» жобасы аясында «Сабырлылық – асыл қасиет» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілген. «Сабырлылық асыл қасиет» тақырыбында адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасай білу қабілеттерін дамыту, өз сезімдері мен көңіл-күйлерін басқара білуге үйрету, сабырлылық, ұстамдылық және мінез-құлық мәдениеті туралы түсінік беру үшін дөңгелек үстел ұйымдастырылған. Ұлттық сезім қалыптастыру үшін гимназияда сынып сағаттары ұйымдастырылған, мысалы «Ұмыт болған ұлттық тағамдар», «Анам – өмірімнің гүлі», «Ана – бақыт шырағы» сынып сағаттары өтіп, оқушылар қолымен әсем суреттер салынған. 12-мамыр аналар күні мерекесіне орай «Анамен өмір әдемі» тақырыбында кездесулер өткен және «Менің Анам», «Алтын адам - Анам» тақырыбында шығармалар жазылған. Отбасы – Отанның бір бөлшегі екенін ұғындырып, оқушылардың бақытты жанұяға деген қызығушылығын артту үшін бастауыш сынып оқушылары арасында сурет көрмесі ұйымдастырылған. Сонымен қатар 15 мамыр халықаралық отбасы күніне орай «Отбасым – бақыт мекенім» тақырыбында бірыңғай тәрбие сағаттары өткен.

2024-2025 оқу жылында «Біртұтас тәрбие бағдарламасы»- ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Барлық тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табылған. ҚР ОАМ 2023 жылғы 30.07.2024 № 194 бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие бағдарламасын», Ақтөбе облыстық білім басқармасының 06.08.2024 №380 бұйрығын, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ-нің 21.08.2024 № 375 бұйрығын негізге ала отырып гимназия директоры А.С.Джамбуллованың 26.08.2024 №135 бұйрығына сәйкес жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия» КММ-нің тәрбие жұмысының мақсаты: Білім алушылар бойында жалпыадамзаттық, ұлттық және отбасылық құндылықтарды дамыту. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар тұлға бойына шоғырланған жеке тұлға тәрбиелеу мақсатында педагогтерге тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері мен тиімділігін арттырудың жолдары бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілген. Білім алушыларды алған білімдерін іс-жүзінде қолдануға үйрету, коммуникативті және шығармашылық қабілеттерін дамыту, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында бірнеше жобаларды басшылыққа ала отырып, іс-шаралар ұйымдастырылған.

«Smart бала» жобасы аясында балалардың интеллектуалды, физикалық және әлеуметтік дамуын қолдайтын инновациялық құралдарды ұсыну мақсатында «Стартап» байқауы, «Өнертапқыштыққа алғашқы қадам», «Мектепке ұялы телефонсыз..», «Экологиялық стартап: Болашаққа жауапты көзқарас» шаралары жүйелі түрде ұйымдастырылған. Нәтижесінде 50-ден астам оқушы өз идеяларын ұсынған, 10 үздік жоба іріктеліп, мектепшілік байқауда қорғалған, көрмелерде көрсетілген.

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында оқушылардың демалыс уақытын тиімді өткізу мақсатын кітап оқу жолға қойылған. Жастардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында «Мен ұсынған кітап» атты кітаптар жәрмеңкесі өткізілген. Кітапқа деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында «Шын жүректен кітап сыйла» челленджі, «Мен оқыған кітапты сен де оқы» әдеби эстафетасы, Республика күніне орай «Отаным бақыт ордасы» тақырыбында оқушыларға арналған көрме, Б.Сөкпақбаевтың 100-жылдығына арналған іс-шаралар, «Жаңа әлем-Жаңа кітап» тақырыбында оқырман конференциясы өткен. “Ыбырай” қоғамдық қорының “Оқы! Өрле! Өзгер!” Жобасын қолдап, демеуші ретінде Бүгін өзім оқыған 32 мектеп

гимназиясының кітапхана қорына 140 кітабын Утегенов Ардақ Садақбаевич табыстаған. Жобаның басты мақсаты - Қазақстанның барлық аймақтарында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, тұлғалық дамуға арналған әдебиеттерге қолжетімділікті қамтамасыз ету. Әрбір мектепке қажетті кітаптарды жеткізу арқылы біз жастардың шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетін арттыруға үлес қосу. “Оқы! Өрле! Өзгер! Жобасы аясында мектепке кітаптар жиынтығын тарту ету арқылы, кітап оқу мәдениетін дамытуға, оқушылардың ой-өрісін кеңейтуге және оларды шығармашылық тұрғыдан дамыту мақсатынды ұйымдастырған.

«Қамқор» жобасы бойынша 2024 жылдың 1-30 тамыз аралығында республикалық «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы аясында Ақтөбе облыстық орталық «Нұрғасыр» мешіті қорынан, гимназияның демеуші ата-аналары тарапынан жеңілдік санатындағы және биылғы оқу жылында қабылданатын 1 сынып оқушыларына мектеп сөмкесі мен оқу құралдарын табыстаған. «Қоғамға қызмсет ету» волонтиерлік қызметі, «Күзгі асар» жәрмеңкесі, «Табиғатқа қамқорлық жасамыз», «Жер сағаты» акциясылары ұйымдастырылған. Сонымен қатар түлектердің ағаш егуі эколелленджі өткен.

«Шабьт» жобасы аясында білім алушылардың шығармашылық әлеуетін ашу арқылы құндылықтарды дәріптеу, шығармашылықтарын дамыту, құндылықтарды насихаттау мақсатында «Даналық ұстаздан» челленджі, «Мектебім – мейірім мекені», «Ұлылықтың жолында ұстаз тұрар», «Республикам-мақтанышым» концертті «Ұлттық мәдениет» көрмесі, «Жас сарбаз» әскери-патриоттық әндер, «Қазақстан – асқақ әнім» патриоттық әндер фестивалдері, «Ананың аячлы алақаны», «Жетістігімді еліме арнаймын» челленджері мен «Әншуақ» фестивальдері өткізілген.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында қыркүйек айында «Еңбек бәрін де жеңбек» - адамның табандылықпен және қажырлы еңбек ету арқылы кез келген қиындықтарды жеңіп, мақсаттарына жете алатынын білдіретін ұғым. Бұл шарада еңбектің адамның жеке дамуы мен жетістіктеріне, сондай-ақ қоғамның ілгерілеуіне қосатын үлесін көрсеткен. Бұл жоба барысында 4-8 сыныптар арасында қызықты іс-шара жүргізілген. Жоғарғы және бастауыш сынып оқушылары жобаға белсене ат салысып өздерінің қолынан келетін қолөнерлерін жасап шығарып оның мәнін түсіндіре білген. Еңбек- адамның уақытын, күшін, шығармашылық қабілеттерін және ақыл-ойын жұмсауды талап ететін күрделі процесс екенін оқушылар практикалық жұмыс барысында дәлелдеген. Жоба барысында жоспар бойынша жұмыс жасалып қойылған мақсат міндеттердің барлығына толық жеткен. Оқушылардың санасына «еңбек» түсінігін теориялық және практикалық жағынанда ұғындырған. 28 қыркүйекте Абай бульварында «Гүлдер фестивалі» марафоны өткен. Бұл іс-шараға қаланың барлық флористері қатысқан. Мектепке дейінгі, орта және кәсіптік білім беру мекемелері де өздерінің гүл жұмыстарын ұсыну мүмкіндігіне ие болған. Бұл шараның мақсаты әдемілікті сезіне білуге, талғамдарының жетілуіне ықпал ету, табиғатты қорғауға, шығармашылыққа, адамгершілікке, ұқыптылыққа, бастаған ісін аяқтай білуге тәрбиелеу. Нәтижесінде гимназия алғыс хатпен марапатталған. 2024 жылдың 14 қазан күні мектепте «Еңбегі адал – жас өрен» жобасы аясында 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен «Күзгі асар» жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Жәрмеңке сөресінен: қолдан жасалған кондитерлік өнімдер, үй маңында өсірілген көкөністер, кол бұйымдары және т.б орын алған. Сатылымнан жиналған қаражатты Қайырымдылық қорына тапсырып, ат салысқан оқушылар және ата-аналар алғысқа бөленген. 2024 жылдың 15 наурызында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысында «Адал азамат дегеніміз – жақсы қасиеттерге ие болып, адал еңбек ететін және табысқа адал жолмен жететін адам. Яғни, адалдық пен әділдікті бәрінен биік қояды. Озық ойлы ұлт болу үшін бүкіл қоғам сана-сезімін өзгертіп, жаңа құндылықтарды орнықтыруы керек. Әрбір адам «Адал азамат» деген атқа лайық болса, елімізде әділ қоғам орнайды» деп айтып өткен болатын. Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Еңбегі адал жас өрен» жобасы мен кәсіптік бағдар беру бағытында өңірдің кәсіпкер мамандарымен дөңгелек үстел өткізген. Дөңгелек үстелдің мақсаты қоғамдағы мінез-құлық этикасын қалыптастыру, отбасылық құндылықтарды нығайту, еңбекқорлық пен кәсіпқойлық, жастардың экологиялық мәдениеті мен патриоттық рухын қалыптастыру, кәсіпке баулу. Дөңгелек үстел барысында кәсіпкерлер оқушылардың туындаған сұрақтарына жауап береді, оқушыларды қоғамға адал қызмет етуге, адал жолмен табыс табуға, адал азамат болуға шақырған. Біртұтас тәрбие бағдарламасының «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында әр аптаның бейсенбі күні сыныптарда «Таза бейсенбі» шарасы жүргізілген. Оқушылардың адамгершілік құндылығы туралы түсініктерін кеңейту мақсатында Еріктілер күніне орай «Мен-еріктімін» тәрбие сағаты ұйымдастырылған. 9-10

сынып арасында «Ата бабамның кәсібі» тақырыбы жастарды халықтық тәрбиенің негізінде оқытып, ұлттық өнеріміздің өркендеуіне жол ашу, оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін, эстетикалық талғамын, ептілік пен икемділік, ұқыптылық пен тазалық қабілеттерін дамытып, шығармашылық жоба қорғау жұмысы өткізілді. Шығармашылық жоба дайындаған 10-сынып оқушылары: «Алтын талшық» Қадірбай Батырхан, Еркінғали Томирис. 9-сынып оқушылары: «Құрт атасы мен жент-қазақтың ұлттық тағамын брендтеу» Үмбетай Тоғжан, «Этностильдегі сәнді шапандар» Маратова Аружан, 9 «В» - «Берекелі сыпара», 10 «Ә» - «Ағаш ұсталары», 10 «В» - «Ет өндіру шаруашылығы». Мектеп бітіруші түлектерге кәсіптік бағдар беру мақсатында колледж және университет өкілдері келген, оқылатын мамандықтар тізімі мен университеттің негізгі артықшылықтарымен танырған. Білім алушылар өз сұрақтарын қойып, жауабын алған. Гимназияның 1-сынып оқушылар арасында кәсіптік бағдар беруді дамыту мен біртұтас тәрбие бағдарламасының «Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында «Болашақта кім болам?» атты сынып сағаты өтілген. Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. 2024-2025 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар беру жұмысының жоспарына сәйкес оқушылардың кәсіби бағытын анықтау мақсатында гимназиямыздың 9-сынып оқушыларынан сауалнама алынған. Сауалнама нәтижелерін өздері көріп, болашақтағы таңдағалы отырған мамандықтарына тура келетініне таңданған. Сыныптар арасында жаңа жыл мерекесіне орай «Шырша ойыншықтары» сайысы ұйымдастырылған. Мақсаты- балалардың шығармашылық ойлауын дамыту, қолөнер дағдыларын жетілдіру. 2024-2025 оқу жылында гимназия оқушылары жоғарғы оқу орындары мен колледждер мамандарымен кездесті. 9-11 сынып оқушылары мен ата-аналары ашық есік күндеріне қатысқан. Оқушыларға мамандықтар әлемі туралы кең көлемді ақпарат берілген, еңбек нарығындағы сұранысқа ие салалармен таныстырылған. Және әр оқушының қабілеті мен бейімділігіне сай кәсіби бағыт-бағдар ұсынылған. Нәтижесінде оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттеріне қарай мамандық таңдау жолында нақты бағыт алған. Нәтижесінде оқушылар өз болашағына сенімділікпен қараған. Ағымдағы жылдың сәуір айының 18 күні мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.М.Байданова мен педагог-психолог А.Іскендір мектеп оқушыларымен «Профи TIME: мамандықтар әлемі» атты ашық әңгіме сұхбат, кездесу өткізген. Мамандық таңдауға арналған кеңестер, негізгі факторлар, қиындықтар туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Соңы «Көршіге хат» ойымен аяқталып, әрбір түлек бір-бірінің келешекте қандай маман иесі болатынын елестетіп ой бөліскен. Мұндай кездесулер жастарға осы жолды басынан өткерген тәжірибелі мамандардан құнды кеңестер мен бағыт-бағдар алуға мүмкіндікті берген. 2024-2025 оқу жылының мамыр айында оқушылардың кәсіпкерлікке деген қызығушылығын арттырған, шығармашылық ойлауын дамыту және болашақ мамандық таңдауға бағыт беру мақсатында «Менің бизнес идеяларым» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілген. «Ояң, ар мен адалдық!» атты сурет конкурсы – бұл адалдық, әділдік, ар-ождан сияқты құндылықтарды бейнелеуге арналған шығармашылық іс-шара өткен. Мақсаты- қоғамда адамгершілік пен ізгілік идеяларын насихаттау, жастардың сындарлы қасиеттерін дамытуға ықпал еткен. «Профи Тайм»-бұл мамандық таңдау мәселелеріне арналған ақпараттық-танымдық іс-шара. Ол жасөспірімдер мен жас мамандардың кәсіби бағдарлануына көмектесу, әртүрлі салалардағы мамандықтардың ерекшеліктерін түсіндіру және Қазақстандағы жоғары оқу орындарының бағдарламаларымен таныстыру мақсатында өткізілген. Ұлттық STEM-білім беру элементтері, мысалы, қобыздың физикалық негіздері туралы – «Digital Nomad» бағдарламасы аясында қазіргі заманғы мамандардың фриланс-кеңестері-ЕСО-эстафета: «Бір ағаш – бір ұрпақ» экологиялық акциясы туралы балдарға мәліметтер берілген.

«Ұшқыр ой» жобасы аясында зияткеркерлік сайыстар мен дебат ойындары өткізілген. Атап айтсақ, «Поэзия менімен егіз бе едің?», «Өмірде ең маңызды?», «Математикалық тапқырлық», «Ти-ток – технология талабы», «Заманбіздікі», «Қазақша куиз» сияқты қызықты тақырыптар қозғалған. Нәтижесінде дебат ойындарынан оқу жылында қалалық деңгейде 6 жүлде, облыстық деңгейде 5 жүлде, Республикалық деңгейде 5 жүлде алып гимназия мерейін асқақтатқан.

Алдын алу шаралары бойынша семинарлар, кездесулер, ойын форматындағы жұмыстар, рейдтер, жиналыстар, кезекшіліктер, трпенингтер мен тәрбие сағаттары жүйелі түрде өткізіліп тұрған.

Білім алушыларды шығармашылыққа, салауаттылыққа баулу мақсатында білім алушылардың үйірме, секцияларға қатысуы:

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары білім алушыларға рухани – адамгершілік, азаматтық-патриоттық, еңбек және дене тәрбиесі бағытта тәрбие беру, жеке тұлғалық қабілеттерін дамыту мақсатында мектепте ұлттық- спорттық, дебаттық үйірмелер жүргізілген. Сабақтан тыс өткізілетін үйірмелер кестесі жасалған, мектеп директорымен бекітілген. Үйірме жұмыстары сабақтан тыс уақытқа ұйымдастырылған. Қатысатын оқушылардың мәліметі жасалған. Сабақ кестелері бөлек жасалынған.

Жылдар	Мектепшілік үйірме, секцияларға қатысатын оқушылар саны	%	Мектептен тыс үйірме, секцияларға оқушылар саны	%	Барлық (мектепте, мектептен тыс) үйірмелерге қатысатын оқушылар саны	%
2023-2024	208	15%	1163	81%	1371	96%
2024-2025	143	10%	1196	82%	1339	92%

2023-2024 оқу жылы бойынша спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыратын мұғалімдер:

- 1.Искаков Д.Н.-Волейбол
- 2.Куптлеуов Н.А.-Волейбол
- 3.Сыдықов Е.Ш.-Волейбол
- 4.Смағұл Е.А.-Футбол
- 5.Адбыкалыков А.Т.-Футбол
- 6.Әділов Н.А.-Баскетбол
- 7.Зилгарин Е.М.-Теннис
- 8.Манасова А.М.-Волейбол
9. Ранов Н.А.-Тоғызқұмалақ
- 10.Кетебаев С.К.-Ұлттық ойын

Гимназия білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -96%.

2024-2025 оқу жылы бойынша спорттық-сауықтыру және әскери патриоттық тағы басқа түрлі үйірмелер жұмысын ұйымдастыратын мұғалімдер:

1. Искаков Д.Н.-Волейбол
- 2.Куптлеуов Н.А.-Волейбол
- 3.Серікқалиұлы М. -Волейбол
4. Әділов Н.А.-Баскетбол
5. Сейдалы А.-Тоғызқұмалақ
6. Ранов Н.А.-Тоғызқұмалақ

Гимназия білім алушыларының қосымша білім берумен қамтылуы -92%.

«2020 - 2023 жылдардағы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2020 жылғы 14 қаңтардағы № 1-ө өкіміне сәйкес 2023-2024 оқу жылы бойынша қала сыртындағы «Әсем» лагеріне жеңілдік санатындағы 9 бала қатысқан. 2024-2025 оқу жылында мектеп жанындағы лагерь ата-аналар есебінен ұйымдастырылып, балалар ыстық тамақпен қамтылған. Күндізгі мектеп жанындағы лагерьде барлығы- 53 білім алушы,оның ішінде 9 білім алушы жеңілдетілген санаттағы оқушылар, ал қала сыртындағы «Кампит» лагерінде жеңілдетілген санаттағы 5 білім алушы дем алған.

білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлері);

Зерделеу нәтижесі бойынша: 2023-2024 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10А, Ә, Б – 11 А, Ә-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытта 10 В, Г - 11 Б, В сыныптары қоғамдық -гуманитарлық бағыттарды таңдалған. Оқу жылында білім алушылардың өтініштері бойынша қажеттіліктері ескеріліп бейінді оқыту іске асырылған. 2023-2024 оқу жылында 10-сыныптарда білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, Тереңдетілген деңгей (физика, дүниежүзі тарихы, география, құқық негіздері) мен Стандарттық деңгейден (дүние жүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, физика) таңдау пәндері жүргізілген. 11 сынып бойынша Тереңдетілген деңгей (физика, химия, биология, география, дүние жүзі тарихы) мен Стандарттық деңгейден (дүние жүзі тарихы,кәсіпкерлік және бизнес негіздері, физика) пәндері жүргізілген.

2024-2025 оқу жылында білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асырған. 2024-2025 оқу жылдары білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктері ескеріліп 10А, Ә – 11 А, Ә, Б-сынып оқушылары жаратылыстану-математикалық бағытта 10 Б, В - 11 В, Г сыныптары қоғамдық -гуманитарлық бағыттарды таңдалған. Жаратылыстану математика бағытында таңдаған сыныптарда тереңдетілген деңгейде 10 А сыныбында физика, география 3 сағаттан 10 Ә сыныбына химия, биология 3 сағаттан. 11 А, Ә, Б тереңдетілген деңгейде физика, география 3 сағаттан оқыды, Стандарттық деңгейде жаратылыстану математикалық бағыттағы 10-11 сыныптар дүние жүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері аптасына 1 сағаттан оқытылған. Қоғамдық-гуманитар бағытында 10-11 сынып білім алушыларыСтандарттық деңгейде физика, кәсіпкерлік негіздерін аптасына 2 сағаттан оқытылған.

Оқушылардың жаратылыстану – математика бағыты және қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша басым бөлігінің болашақ мамандықтарына дайындау мақсатында және сұраныстары негізінде таңдау пәндерінен білімдерін кеңейту үшін вариативтік компонент бөлігіндегі таңдау пәндері, элективті курстар, гимназия компонентінен курстары аптасына 1 сағаттан жүргізілген. Жұмыс оқу жоспарына сәйкес сабақ кестесі жасалып бекітілген. Сабақ кестесі bilim.klass платформасында инварианттық оқу жүктемесіндегі пәндер негізгі сабақ кестесіне, вариативтік компоненттегі пәндер қосымша білім беру бөліміндегі сабақ кестесіне бөлек жазылған. Оқу бағдарламалары әзірленіп, күнтізбелік-тақыптық жоспарлары (КТЖ) электронды журналға салынған. Сынып журналдарында теориялық, практикалық сабақтар көрсетілген.

білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту мәліметі

Оқу жылдары	Үйде жеке тегін оқытылған оқушылар саны			Инклюзивтік оқытылған оқушылар саны			Барлығы
	1-4кл	5-9кл	10-11кл	1-4кл	5-9кл	10-11кл	
2023-2024 оқу жылы	2	2	0	0	1	0	5
2024-2025 оқу жылы	0	0	0	0	1	0	1

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың есепке ала отырып жұмыс оқу жоспарлары жасалып, оқу бағдарламалары мен сабақ кестесі әзірленіп, бекітілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесі ұйымдастырылған.

Білім алушылардың білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалған

Денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру.

Үйден оқытуға балаларды қабылдауда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығына 3-қосымша "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет қағидасы басшылыққа алынған.

2023-2024 оқу жылы

2023-2024 оқу жылында барлығы 4 білім алушыға дәрігерлік-кеңес комиссиясының қорытындылары негізінде үйде жеке тегін оқыту ұйымдастырылған.

2023-2024 оқу жылында денсаулығына байланысты 4 білім алушы үйден оқытылған. Олар:

1) 1 «Г» сынып оқушысы *Нұрғазы Айлин Нұрланқызына* ШЖҚ «№3 қалалық емханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 11 қыркүйектегі №1371 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылып, бұйрық шығарылған. 2023 жылдың 11 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 53-қосымшасы негізінде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған.

Мұғалімдерге оқу жұмыс жоспарына сәйкес 1 «Г» сыныбында 12 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

2) 3 «Г» сынып оқушысы *Балкенов Нурасыл Ерлановичті* ШЖҚ «№3 қалалық емхана» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2024 жылғы 23 ақпандағы №453 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған.

2024 жылдың 26 ақпанынан бастап «ҚР бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы «Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығының 53-қосымшасы негізінде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған бастауыш білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған. Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған.

Мұғалімдерге оқу жоспарына сәйкес барлығы 14 сағат жүктеме тағайындалған.

3) 8 «Г» сынып оқушысы *Куленов Санжар Асылбековичке* ШЖҚ «№3 қалалық емхана» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 18 қыркүйектегі №1476 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған. 2023 жылдың 19 қыркүйегінен бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 55-қосымшасы негізінде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған.

Мұғалімдерге жұмыс оқу жоспарына сәйкес барлығы 18 сағат бөлініп жүктеме ретінде берілген.

4) 8 «В» сынып оқушысы *Нұрмағамбетов Жарасбек Ерболұлына* ШЖҚ «Қарғалы қалалық ауруханасы» МКК кеңес диагностикалық емханасының дәрігерлік –консультациялық комиссиясының 2023 жылғы 6 желтоқсандағы №4273 қорытындысына сәйкес үйден оқыту ұйымдастырылған. 2023 жылдың 7 желтоқсанынан бастап «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-Ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрығының 55-қосымшасы негізінде «Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін үйде оқитын білім алушыларға арналған негізгі орта берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарына» сәйкес жұмыс оқу жоспары құрылып, жалпы білім беретін мектептің оқу бағдарламасымен оқытылған.

Оқушының ата-анасымен келісілген арнайы сабақ кестесі жасалған.

Мұғалімдерге жұмыс оқу жоспарына сәйкес барлығы 18 сағат апталық жүктемемен сабақ беру белгіленген.

**2024-2025 оқу жылында үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру бойынша
білім алушылар тіркелмеген.**

Инклюзивтік білім беру туралы:

2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында ҚР «Білім туралы» Заңының 11 бабы 14 тармақшасы негізінде және ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалардың білім алуға деген құқығын іске асыру, олардың барынша дамуына, әлеуметтенуіне жағдай жасау және жан-жақты қолдау көрсету мақсатында білім алушылардың жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындыларына сәйкес 1 оқушыға инклюзивті білім берілген. Білім алушының жеке психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысына сәйкес жалпы білім беру бағдарламасымен жеке қолдау арқылы білім алуы қамтамасыз етілген.

2023-2024 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы бар

з/с	Тегі,аты жөні	класы	ПМПК қорытындысы	уақыты
1	Алматұлы Санжар	6г	ПМПК №55513	17.04.2023ж - 01.06.2025ж

2024-2025 оқу жылында ерекше білім беру қажеттілігі бар 1 білім алушы бар

з/с	Тегі,аты жөні	класы	ПМПК қорытындысы	уақыты
1	Алматұлы Санжар	7г	ПМПК №55513	17.04.2023ж -01.06.2025ж

2023-2025 жылдар аралығындағы гимназияның ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып оқыту процесін ұйымдастырудағы атқарған жұмыстары төмендегідей:

Білімге деген сұраныстары ерекше оқушылармен жұмыс істейтін мұғалімдер оқу процесінде жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын қажетіне қарай бейімдеп, сабақты білімге деген сұраныстары ерекше балаларды оқытудың жеке тәсілдерін сабақтарында қолданып отырған. Сабақтарында пән мұғалімдері білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда өзгермелі жеке әдіс- тәсілдерді қолданып жеке қолдау арқылы бағалап отырған.

Педагог-психологтары Г.Жүсіпова, А.Іскендір, әлеуметтік педагогтар А.Жұқатаева, Ж.Каденова Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидаларына» сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасалған. Гимназияның әлеуметтік педагогтары ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып, тұрмыс-жағдайын бақылауға алған, зерделеу актілері жинақталған.

Гимназия психологтары, әлеуметтік педагогтары психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның ұсынымдарына сәйкес психологиялық-педагогикалық қолдау бағдарламасын құрып, балалармен жеке жұмыс жасауда пән мұғалімдеріне кеңестер беріп, көмек ұйымдастырып отырған. Мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Каденова ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтік қолдауын ұйымдастырып «Қайырымдылық», «Жүректен жүрекке» атты қайырымдылық акциялар арқылы білім алушыға көмектер берілген, отбасындағы балалардың тұрмыс-жағдайын үнемі барып бақылап актілеп отырған.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушының мектепте білім алуын ұйымдастыруда мектеп әкімшілігі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 12 желтоқсандағы №524 бұйрығымен бекітілген «Даму мүмкіндіктері шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру» әдістемелік ұсынымдарын басшылыққа алған. Білім беру барысында ұстаздардың барлығы сабақ жоспарларына ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арнап тапсырма беріледі және тапсырма талданып формативті бағалаулар жүйесі негізінде бағаланады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда нақты көмек көрсететін психологиялық-педагогикалық қызмет орнату жоспарлары құрылған. Мектеп әкімшілігі тарапынан ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыға сабақ беретін педагогтардың

барлығын біліктіліктерін арттыру курстарынан өткізіп отырған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген **Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының** 2-қосымша, 3 тарау, 31-тармақ, 3-қосымша 2-тарау 45 тармақтары негізінде топқа бөліп оқытуға тиесілі пәндерден инклюзивті білім беру аясында сыныпты топтарға бөлу білім алушылардың жалпы саны ерекше білім беру қажеттіліктері бар әр балаға барлық білім алушылар санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылған.

ҰОЖ-ға сәйкес жүзеге асырылатын вариативті компоненттің таңдау курстары мен факультативтерін іске асыру;

Зерделеу нәтижесі бойынша 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары жалпы білім беретін үлгілік оқу жоспарларына сәйкес вариативті компоненттің оқу жүктемесі нақты сақталғандығы анықталды.

Вариативті компоненттен алынған таңдау курстарының сабақ кестесі бөлек жасалып, бекітілген. Таңдау курстарының оқу бағдарламалары құрылып, пәндік бірлестіктерде талданған, мектеп директорымен бекітілген.

2023-2024 оқу жылы бойынша Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарды орындау және жүзеге асыру.

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативті және гимназия компоненті сағаттарынан «Жас футболшы», спорттық ойындар, «Табиғат ғажайыптары», «Сауатты жазу» 1 сағаттан жүргізілсе, «Логика әлемі», «Тілашар» аптасына 2 сағаттан жүргізілді.

Оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында 2 сыныптарға таңдау пәндерінен «Тэквандо», «Шахмат», «Ән көңілдің ажары» 1 сағаттан. Вариативтің компоненттен 2 сыныптарға «Жас футболшы» спорттық ойын 1 сағаттан. Гимназия компонентінен математика пәнінен логикалық ойлау дағдысын қалыптастыру мақсатында «Жай есептер», қазақ тілінен жас ерекшеліктеріне байланысты жылдам оқуға үйрету мақсатында «Оқу сауаттылығы», «Жылдам оқытуға үйрету» курстары 1 сағаттан жүргізілді 3-4 кластарға таңдау пәндерінен «Қызықты грамматика», «Былғары доп» 1 сағаттан, гимназия компонентінен «Тіл құдіреті», «Жылдам оқытуға үйрету», «Математика және логика», «Vocabulary and Grammar» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

Негізгі орта білім беру деңгейі 5-9 сыныптар арасында білім алушылардың ойлау қабілетін, функционалдылық сауаттылығын дамыту мақсатында гимназия компонентінен 5 сыныптарға «Тарихқа саяхат», «Сөз өнері», «Шұбар доп», «Табиғат және ғалам», «Robo Junior» аптасына 1 сағаттан. 6 сыныптарға «Тарихи таным», «Көркем шығармадағы әдебиет теориясы», «Культура общения», «Шахмат», «Адам және табиғат» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

7-9 сыныптардағы білім алушылардың коммуникативтік, танымдық дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында «Тарих зердесі», «Көркем шығармадағы әдебиет теориясы», «Культура общения», «Химия және эксперимент», «Химиядан есептері мен жаттығулары», «Тарих зердесі», «Шешендік шежіресі», «Комплексный анализ теста», «Physics in English», «Физикалық техникалық модельдеу», «XIX-XX ғғ. Ұлт – азаттық қозғалыстар», «Математика және функционалдық сауаттылық», «Эссе жазуға үйрету», «Экологиялық этика», «Basics of ICT in English» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

Жаратылыстану –математика бағыты бойынша 10-11 сыныптарда тереңдетілген деңгейде химия, физика, география, биология, пәндері, стандартты деңгейде дүниежүзі тарихы, кәсіпкерлік және бизнес негіздері пәндері білім алушылардың қалауы бойынша оқытылады. Білім алушының табиғат, қоғам және адам туралы біртұтас, аяқталған білім жүйесін меңгеруін, функционалдық сауаттылығының дамуын, тұлғаның интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, білім мазмұнын саралау, кіріктіру және бейіндеу негізінде болашақ мамандығының бағытын таңдау жағдайын қамтамасыз етеді. 10 «А», «Ә», «Б» кластарында таңдау пәндері физика, география. 11 «А», «Ә» кластарында таңдау пәндері (Физика- география), «Химия-биология» 3 сағаттан.. Білім алушылардың зерттеушілік, қызығушылығын дамыту мақсатында

гимназия компонентінен 10 сыныптарға «Комбинаторика, статистика элементтері және ықтималдықтар теориясы», «Жаңашыл қазақ поэзиясы мен прозасы», «Ұлы дала тарихы», «Практикум по написанию письменных работ» аптасына 1 сағаттан, 11 сыныптарға «Математикадан қиындығы жоғары есептер шығару», «Ұлы дала тарихы», «Жаңашыл қазақ поэзиясы мен прозасы», «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер» аптасына 1 сағаттан оқытылды. Қоғамдық-гуманитарлық бағытында тереңдетілген деңгейде 10 «В» сыныбына география-дүние жүзі тарихы, 10 «Г» сыныбына дүние жүзі тарихы-құқық негіздері 2 сағаттан, 11 «Б», «В» сыныптарында география, дүние жүзі тарихы 2 сағаттан. Білім алушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамытуға гимназия компонентінен 10 «В», «Г» сыныптарына «Жаңашыл қазақ поэзиясы мен прозасы», «Химиялық реакциялардың теориясы мен заңдылықтары», «Медициналық физика», «Биология- тіршілік негіздері» аптасына 1 сағаттан. 11 сыныптарға «Физикадан күрделі есептерді шығару», «Жаңашыл қазақ поэзиясы мен прозасы», «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер», «Химия пәнінен функционалдық сауаттылыққа арналған есептер мен контекстерді шешу» курстары аптасына 1 сағаттан оқытылды.

2024-2025 оқу жылы бойынша «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің таңдау курстарының үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы.

1-2 кластарында гимназиялық компонентінен математика пәнінің логикалық ойлауын, жылдам есептеу дағдысын қалыптастыру үшін «Математика әлеміне саяхат» аптасына 1 сағаттан, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай функционалдық сауаттылықтарын дамыту, ойлау жазу икемділіктері мен дағдыларын арттыру үшін арналған «Көркем сөз», «Сауатты жазу» курсы 1 сағаттан және «Табиғат ғажайыптары» аптасына 1 сағаттан жүргізілді. 3-4 кластарында: вариативтік компоненттің таңдау бөлімінен білім алушыларға сөз саралау және шығармашылықты дамыту мақсатында «Әдебиет әлемі», «Танымдық грамматика» курсы аптасына 1 сағаттан жүргізілді. Математика пәнінен білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру үшін «Жас математик» аптасына 1 сағаттан, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай сөз өнері мен шығармашылықтарын дамыту, мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру мақсатында «Қызықты грамматика» курсы 1 сағаттан және ағылшын тілін тереңдетіп оқыту мақсатында «My alphabet book» аптасына 1 сағаттан жүргізілді.

Гимназиялық компонент. 5-6 кластарға «Тарихи жәдігерлер», «Көркем сөз шеберлігі», «Шахмат», «Жаратылыстану жұмбақтары», «Robo junior», «Табиғат ғажайып әлемі» «Тарихи таным» аптасына 1 сағаттан. Оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерінің бастапқы білімін меңгеруге, олардың бойында тұлға аралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне бағытталған.

Негізгі орта білім берудің (7-9 кластар) оқу бағдарламалары білім алушылардың ғылым жүйесінің базалық негіздерін меңгеруге, олардың бойында тұлғааралық және этносаралық қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға, жеке тұлға ретінде өзін-өзі бейімдеуіне және кәсіптік бағдарлануына бағытталады. 7-9 кластардың оқу жоспарының вариативті бөлігін жасауда инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер комбинациясы басшылыққа алынып жасалған.

Гимназиялық компонент. Оқу жоспарының вариативтік бөлігіндегі гимназиялық компонент білім алушыларды оқытуда ерекше талаптарға, білім алушылардың даму деңгейінің жоғарылығына сүйенеді. Гимназиялық білім беру ерекше орын алады, білім алушыларға болашақ кәсіби бағдар беруді және жоғары оқу орнына оқуға даярлауды міндеті ретінде көздеп олардың интеллектуалдық, шығармашылық және адамгершілік дамуын арттырады.

7-9 кластарға «Халық тарих толқынында», «Сөз сыры», «Культура общения», «Химия және эксперимент», «Химиядан есептері мен жаттығулар», «Комплексный анализ текста», «Физикалық техникалық модельдеу», «XIX-XX ғасырдағы ұлт азаттық қозғалыстар», «Математика және функционалдық сауаттылық», «Эссе жазу алгоритмі», «Экономикалық этика» және физика пәнін ағылшын тілінде оқыту мақсатында «Physics in English» аптасына 1 сағаттан жүргізілген.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы

Зерделеу барысында: 2023-2024, 2024-2025 оқу жылында орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес (ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы) «Өмір қауіпсіздігінің негіздерін» (бұдан әрі – ӨҚН) міндетті түрде оқыту қамтамасыз етілген, бұл ретте білім алушылардың төтенше жағдайларда (өрт, жер сілкінісі және т.б.) практикалық дағдыларының қалыптасуына ерекше назар аударылған.

Осыған байланысты «ӨҚН» курсы оқыту:

- 1-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында;
- 5-9-сыныптарда – «Дене шынықтыру» пәні аясында;
- 10-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында жүзеге асырылады.

1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсын міндетті меңгеру қамтамасыз етілген. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырылған.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізілген.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылған. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізілген.. Жаңа оқу бағдарламасына сәйкес ӨҚН-нің әр тақырыбын «Дүниетану», «Дене шынықтыру» және «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәндерімен байланыстыралған.

2024-2025 оқу жылында жалпы білім беру мектептерінде «ӨҚН» курсы 10-сыныпта «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» жаңа пәнінің аясында оқытылады.

«Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсын іске асыру.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылында жол қауіпсіздігі бойынша жұмыс жоспары құрылып, іс-шаралар өткізілген. "Назар аударыңыз, балалар" іс-шара, «Көше күтпеген оқиғаларға толы», «Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері», «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері», «Жол жүру ережелерін білеміз бе?», «Біздің қала, аудан», «Жол жүру ережелері», «Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі», «Жол белгілерінің халықаралық тілі» сынып сағаттары өткізілген. Сонымен қатар Ақтөбе облысы білім басқармасы ММ №01-14/1255 шығыс хаты, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 15 сәуір 2025 жылғы №193 бұйрығын негізге ала отырып, гимназия директорының 16 сәуір 2025 жыл №81 бұйрығына сәйкес мектепшілік «Жас жол инспекторы жасағы» құрылып, жоспар жасақталып, жұмыстар жүргізілген. 17-сәуір күні ақтөбе қалалық полиция басқармасының өкілдері Уралбаева Т.А мен Амиров А.Қ келіп, Жас жол инспекторлар жасағымен бірге гимназия оқушыларына жол қауіпсіздігі және жазғы мезгілдегі су қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізген. Сонымен қатар мектеп мұғалімдеріне арналған ақпараттық кездесу барысында балаларды тасымалдау ережелері, қоғамдық және жеке көлікпен жүру кезіндегі қауіпсіздік талаптары, сондай-ақ жол-көлік оқиғаларының алдын алу шаралары кеңінен түсіндірілген. «Жол қауіпсіздігі», «Жол қозғалысы белгілері» сынып сағаттары, «Жол ережесін есте сақта» түсіндірме жұмыстары жүргізілген. ҚР ІІМ Ақтөбе облысы Мамандандырылған күзет басқармасының өкілдері келіп ақпараттандыру жұмыстарын жүргізген. «Жол белгілері» суреттер сайысы, «Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік» тақырыбында эссе байқауы, «Жаяу жүргіншілер назар аудар» бейнеролик байқауы, жолда жүру ережесіне байланысты сауалнамалар ұйымдастырылып, өткізілген. 1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспарына сәйкес сабақтар сынып сағаттарының тақырыбымен қосылып жазылған.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемінің сәйкестігі және сақталуы; Зерделеу барысында:

2023-2024 оқу жылында жұмыс оқу жоспарымен сабақ кестелері жасалып бекітілген. Сабақ кестесі жұмыс оқу жоспарына сәйкес жасалған. Жұмыс оқу жоспарында және сабақ кестесінде әрбір сыныптағы пәндер бойынша оқу сағаттарының нормалары сақталған. Оқу-тәрбие үрдісіндегі апталық жүктеме ең жоғарғы көлеммен сәйкес.

2023-2024 оқу жылында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш білім беруде 1-сыныпта-24,5, 2-сыныпта – 27, 3 және 4-сыныптарда -30 сағатты құрап отыр. Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 33,5 сағаттан, 6-сыныпта – 33,5 сағаттан, 7-сыныпта – 36,5 сағаттан, 8-сыныпта–37,5 сағаттан, 9- сыныпта-40, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

2024-2025 оқу жылын зерделеу барысында апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бастауыш

білім беруде 1-сыныпта-24,5, 2-сыныпта – 27, 3 және 4-сыныптарда -30 сағатты құрап отыр, Негізгі орта білім беруде 5-сыныпта – 33,5 сағаттан, 6-сыныпта – 33,5 сағаттан, 7-сыныпта – 36,5 сағаттан, 8-сыныпта–37,5 сағаттан, 9- сыныпта-40, жалпы орта білім беруде 39 сағаттан аспайды. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар сақталған.

білім алушылардың инвариантты және вариативті компонентін (арнайы білім беру ұйымы үшін түзету компоненті) құрайтын оқу жүктемесінің жалпы көлемінің, сондай-ақ ҰОЖ-мен белгіленген сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесінің сәйкестігі және сақталуы;

2023 -2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2023 -2024 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 17,5 сағат, жылдық 612,5 сағат, 2-класта – апталық 21 сағат, жылдық 756 сағат, 3-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 864 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 864 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 972 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 972 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 1008 сағат, 8-сыныпта – апталық 28сағат, жылдық 1008 сағат, 9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 1044 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 28 сағат, жылдық - 1008 сағатты, 11-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық - 1008 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 7 сағат, жылдық – 245 сағат, 2 сыныпта апталық 6 сағат, жылдық – 216 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 6 сағат, жылдық – 216 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 6,5 сағат, жылдық – 234 сағат, 6-сыныпта апталық – 6,5 сағат, жылдық – 234 сағат, 7- сыныпта апталық – 8,5 сағат, жылдық – 306 сағат, 8-сыныпта апталық -9,5 сағат, жылдық-342 сағат, 9-сыныпта апталық – 11 сағат, жылдық – 396 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда апталық – 11 сағат, жылдық-396 қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10 және 11 сыныптарда апталық – 10 сағат, жылдық-360 сағатты құрайды.

2024 -2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (*ҚР Оқу-ағарту министрінің 23.09.2022 №406*) енгізілген өзгертулер «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары» негізінде инвариантты және вариативті компоненттерді қамтитын білім алушылардың оқу жүктемесінің жалпы көлемі сақталған, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі оқу жұмыс жоспарларында сәйкестігі анықталды.

2024 -2025 оқу жылы бойынша 1-класта – апталық 17,5 сағат, жылдық 595 сағат, 2-класта – апталық 21 сағат, жылдық 714 сағат, 3-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат, 4-сыныпта – апталық 24 сағат, жылдық 816 сағат берілген.

5-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 6-сыныпта – апталық 27 сағат, жылдық 918 сағат, 7-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық 952 сағат, 8-сыныпта – апталық 28сағат, жылдық 952 сағат, 9-сыныпта – апталық 29 сағат, жылдық 986 сағат оқу жүктемелері үлгілік оқу жоспарына сәйкес келеді.

10 -сыныптар – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты, 11-сыныпта – апталық 28 сағат, жылдық - 952 сағатты құрайды.

Вариативті компонент есебінен берілген сағаттар саны, 1 сыныпта - апталық 7 сағат, жылдық – 238 сағат, 2 сыныпта апталық 6 сағат, жылдық – 204 сағат, 3 және 4 сыныптарда – апталық 6 сағат, жылдық – 204 сағат берілген.

5- сыныпта – апталық 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 6-сыныпта апталық – 6,5 сағат, жылдық – 221 сағат, 7- сыныпта апталық – 8,5 сағат, жылдық – 289 сағат, 8-сыныпта апталық -9,5 сағат, жылдық-323 сағат, 9-сыныпта апталық – 11 сағат, жылдық – 374 сағат, жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша 10-11 сыныптарда апталық – 11 сағат, жылдық-374 қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша 10 және 11 сыныптарда апталық – 10 сағат, жылдық-340 сағатты құрайды.

Вариативтік компонентті анықтауда білім беру ұйымы қызметінің ерекшеліктері мен бағыты

балалардың қызығушылықтары, және т. б. ескерілген. Вариативті компонент бойынша оқу бағдарламалары жасалып бекітілген.
сыныптарды, оның ішінде инклюзивті білім беру шеңберінде ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып, топтарға бөлуге қойылатын талаптарды сақтау. Сыныптарды топқа бөліп оқытудың талаптарының сақталу жағдайын электрондық «Bilimklass» журналы арқылы тексерілді. Оқу жылдарында сыныпты екі топқа бөлу сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық болғанда жүргізілген. Сыныптарды топқа бөлу барысында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушылардың ерекшеліктері есепке алынған. Сыныпты топқа бөліп оқытуға байланысты өзгерістер оқу жылдарында жүргізілген. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдары кластарды екі топқа бөлу (оқушылар саны 24 және одан артық болғанда) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары негізінде жүргізілген. Аталған құжаттың 2-қосымшасына сәйкес <u>Бастауыш білім берудің</u> мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 42-тармағы бойынша 1-4 сыныптарда сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда ағылшын тілі, цифрлық сауаттылық пәндері бойынша жүргізіліп отырған. <u>Негізгі орта білім беру бойынша:</u> Аталған құжаттың 3-қосымшасына сәйкес <u>Негізгі орта білім берудің</u> мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 57-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні, дене шынықтыру пәндері бойынша жүргізілген. <u>Жалпы орта білім беру бойынша:</u> Аталған құжаттың 4-қосымшасына сәйкес <u>Жалпы орта білім берудің</u> мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 3-тарауы, 1-параграфы, 51-тармағы бойынша сыныпты екі топқа бөлу оқушылар саны 24 және одан артық болғанда ағылшын тілі, көркем еңбек, информатика пәні, дене шынықтыру пәндері бойынша жүргізіліп отыр.
15. Оқу мерзіміне өлшемшарттар: тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптарды сақтау; 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында оқушыларды қабылдау, ауыстыру, шығару мектеп директорының бұйрығымен жүзеге асырылған. Мектеп директорының бұйрығымен оқу жылының басында, яғни қыркүйек айында 1- класқа қабылдау, 10-класқа қабылдау бұйрықтары шығарылып, жинақталды. Оқу жылының аяғында 9 класс, 11 класс түлектеріне аттестат беріліп, мектеп есебінен шығарылып отырылды. Аталған оқу жылдарында мектепке бірінші сынып білім алушыларын қабылданған бұйрық 2021 жылдың 25 тамызынан кейін шығарылған, ал 10 сыныптарға қабылданған білім алушылардың ата-аналарының өтініштері негізінде 15 тамызға дейін бұйрық шығарылып, негізгі орта білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжатының негізінде мемлекеттік қызмет көрсету арқылы қабылданған. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығымен бекітілген “Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидалары” негізінде оқушылар басқа білім ұйымдарынан қабылдау, ауысуына байланысты мектеп есебінен мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған. Білім беру ұйымынан шыққан барлық оқушының басқа білім беру ұйымына келуі туралы есептен шығару талондары жинақталған. 2023-2024 оқу жылының басында 1433 оқушы. 1- сыныпқа 146 оқушы, 10- сыныпқа 107 оқушы қабылданған. 9 кластан 112 оқушы, 11 кластан 94 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. 2024-2025 оқу жылының басында 1461 оқушы. 1- сыныпқа 165 оқушы, 10- сыныпқа 93 оқушы қабылданған. 9 кластан 129 оқушы, 11 кластан 99 оқушы мектеп бітіріп, мектеп есебінен шығарылған. Мектептен құқыққа қарсы әрекет жасағаны үшін шығарылған оқушы болмаған, оқушылар басқа білім ұйымдарына ауысуына, мектеп бітіруіне байланысты оқушы құрамынан мектеп директорының бұйрығы негізінде шығарылып отырған.

Педагогикалық кеңесте (оқу жылындағы хаттама №1, хаттама №5,6 шешімдері) қаралып, шешімі шығарылып отырған.
сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және күнтізбелік жылдағы демалыс уақытының ұзақтығына қойылатын талаптарды сақтау. 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығын мектептегі жүргізілген электронды «bilim.klass» журналдарын тексеру арқылы зерделенді. Оқу жылдарында сыныптар бойынша білім беру жүзеге асырылып өткізілген пәндер сынып журналдарында көрсетілген. Оқу жылы 1-сыныпта – 33 оқу аптасын, 2-4-сыныптарда 34 оқу аптасын, 5-11-сыныптарда 34 оқу аптасын құрайды. Жалпы оқу жылының басталуы – ағымдағы жылдың 1 қыркүйегі. Оқу жылының аяқталуы - сол жылдың 25 мамыры. Әрбір оқу тоқсанын аяқтау туралы мектеп директорының бұйрықтары шығарылып, оқушылар каникулға жіберіліп отырған. Жалпы оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығы кемінде 30 күнді құрайды. Каникулдар оқу жылында үш рет – күзде, қыста және көктемде беріліп отырғаны анықталды. <u>2023-2024 оқу жылы</u> Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы «Орта білім беру ұйымдарында 2023– 2024 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» 01-2-15/5175-Ихаты негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазан- 5 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсан мен 2024 жылғы 7 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 5-11 ақпан аралығында). 2023-2024 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген. <u>2024-2025 оқу жылы</u> Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024– 2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» № 174 бұйрығы негізінде оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері төмендегідей белгіленген: 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 28 қазан- 3 қараша аралығында), қысқы – 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсан мен 2025 жылғы 8 қаңтар аралығында), көктемгі – 11 күн (2024 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2024 жылғы 10-16 ақпан аралығында). 2024-2025 оқу жылы бойынша электронды журналда мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылған және сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктіріліп өткізілген.
5. Оқу-материалдық активтер
Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар: - Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін ұйымдардың білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесін сақтау. Ғимарат туралы мәлімет (ғимарат типі, салынған жыл, жобалық қуаты, күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарға қажеттілік және т.б.). Мектептің 1990 жылы ашылған. Жалпы ауданы –11383,9 ш/м. Мектеп ғимараты 704 орынға арналған. Оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқыту құралдарының болуы туралы мәліметтер мектептің оқу ғимаратында оқу процесіне қажетті жағдайлар жасалған. Ағымдағы жөндеулер бойынша мәлімет: 2024 жылы Мектептің төбесіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 10 000 000 теңге жұмсалды. Ер балалардың технология кабинетіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2 700 000 теңге жұмсалды. 2025 жылы ағымдағы жөндеу жұмыс химия кабинетіне жүргізілді. 1 900 000 теңге жұмсалды. Мектепте мұғалімнің жұмыс аймағы (оқушылардың оқу үстелдерін орналастыру), оқу-көрнекі құралдарды орналастыруға арналған шкафтар, химия, биология, физика кабинеттерінде мұғалімдердің демонстрациялық орныдары бар. Оқу орындары үй-жайдың мақсатына қарай су, электр энергиясы, кәріз жүйелерімен жабдықталған. Оқу кабинетінде компьютерлік үстелдерді периметр бойынша орналастыру ескерілген. 4. Техникалық төлқұжат бойынша үй - жайлар, бөлмелер саны-36. Физика-1 (84,5 м2); Химия-1, (81,4 м2); Биология-1,(94,8 м2);Тарих-1, (65,7 м2); АӘЖТД -1,(63

м2); География -1, (63,6 м2);Қазақ тілі мен әдебиеті-2, (63,4; 63,4; м2); Математика –2, (82,7;63,6 м2);Бастауыш кабинеті -10, (63,7 м2); Технология кабинеті (қыз)-1, (41,2 м2), Технология кабинеті (ұл)-1, (102 м2), Кулинария кабинеті-1,(45,1 м2); IT-кабинет-1,(63 м2), Оқу кабинеті-7,(456,06м2); 5. Интерактивті кабинет-7; Интерактивті панель тақта-19; микраскоп-12шт; скилет-1; шаңғы-37; доптар (баскетбол,волейбол, ганбол)-32; обруч-10; эстафеталық ойындар үшін фишкі-25; эстафеталық ойындар үшін-6; маты-30, турник-1; мостик-2; арқан-1; гимнастикалық ат,бөрене,брусья,гимнастикалық қабырға-1; үстел теннисі - 2 т.б Қосалқы кабинеттер мамандар кабинеті: директор-1, әлеуметтік педагог-1, медкабинет-2, психология -1, Акт зал - ш/м, Спорт зал-1 - 0287,8 ш/м; 2 - 285,9 ш/м Мектепте оқу кабинеттерінің жабдықталу көрсеткіштері бойынша тұтас білім беру ұйымындағы педагогикалық ұжым жұмысының келешегі мен негізгі бағыттары анықталады. Кабинеттерде құрал жабдықтар, лингафон, физика, биология, химия, информатика, IT-кабинеттерімен жабдықтаудың шкафтар, стендтер, принтер және т.б. зертханалық құралдар сабақ өткізу кезінде графопроектор, экрандармен жабдықталған. Сыныпта орнатылған компьютерлерді интернет желісімен жалғау және оқушылардың дербес компьютерлермен (ноутбуктармен), мобильді құрылғылармен қамтамасыз етілген.	Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе сенімгерлік басқару құқығына тиесілі материалдық активтердің болуы немесе қолданылу мерзімі кеміне 10 жыл материалдық активтерді жалға алу туралы мәліметтер (кабинеттер, лекциялық аудиориялар, практикалық дәрістерге арналған үй-жайлар, зертханалар, нақты біліктіліктер, мамандықтар бойынша шеберханалар, акт және дене шынықтыру залдары, әлеуметтік-тұрмыстық және өзге мақсаттағы (өткізу пункттері, санитарлық тораптар (унитаз, жуынатын раковиналар) , білім беру ұйымының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейне бақылаудың болуы, ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы, тұру үшін жағдайлардың болуы). Гимназия оқу кабинеттері қажетті оқу-дидактикалық кешендермен жабдықталған. Компьютерлік технологиялар басқаруда және оқытуда қолданылады. 7 кабинет интерактивті тақтамен жабдықталған. Шеберханалардың, зертханалардың жабдықтары нормативтік құжаттарға сәйкес қабылданды. Жиһаздың дизайны, оның өлшемдері, орналастыру ережелері санитарлық нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ГОСТ 1106-93 сәйкес келеді. Физика зертханасы-19 кв/м; Химия зертханасы-43,9 кв/м; Биология зертханасы-44,8кв/м; АӘЖТД кабинетінің қару жарақ қоятын қоймасы-10,9 м2 ; АӘЖТД кабинетінің лабораториясы- (17,1 м2) оқу зертханаларының құралдары таблицамен көрсетілген. /қосымша-1,2,3/ -ғимаратта № ҚР ДСМ-76 бұйрыққа сәйкес санитариялық тораптардың (унитаздар, қол жуғыштар) болуы. Мектеп типтік 1990 жылы ашылған. Әр қабатта су ішу үшін фантандар орнатылған. 26-унитаз, 19-қол жуғыштар, 4 кіру жолдары бар екендігі анықталды.
Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер Медициналық кабинет бар. Сонымен қатар процедурный кабинет-17,2ш/м; білім алушыларға медициналық қызмет көрсетіледі. Ақтобе облыстық денсаулық сақтау басқармасының «№3 қалалық емханасы» КММ тарапынан медициналық кабинетке лицензия алынған. Лицензияның номері № 10954DD. Берілген уақыты 07.01.2015ж. Мерзімі шектеусіз. Медициналық кабинет қажетті құрал-жабдықтармен толық жабдықталған. Медициналық кабинетте дәрілер салатын құрал- жабдықтарға арналған шкаф, 1 кушетка, 1 ширма, 2 бикс, 1 мед. таразы, 2 тоңазтқыш, 1 кондиционер, 1 тонометр, 2 фонендоскоп, 1 бактерициттік шам, 1 ростометр, 1 үстел шамы т.б құралдар бар. Медициналық кабинетте қажетті алғашқы жәрдем көрсететін дәрі-дәрмектері бар. Кабинетте балаларды есепке алу (переписи) журналы, екпенің жылдық (сандық) журналы бар. Медициналық кабинетте №3 қалалық емханадан М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназиясына қызмет көрсетуге 2022ж.18.04. №355 бұйрық негізінде жіберілген - 1 медициналық қызметкер жұмыс жасайды. Имангазина Айдананың мамандығы мейіргер ісі. Мейірбикенің біліктілігін арттыру куәлігі №257 2022ж 16.04. бар. Медициналық қызмет көрсетудің болуы, оның ішінде медициналық пункттің болуы және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер М.Құрманғалиева атындағы	

№32 гимназия (2022-2023 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекен жайы	Медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәлімет (нөмірі)	Ескертпе
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 11 мөлтек аудан, 74А	Лицензия № 10954DD. Берілген уақыты 07.01.2015ж.	медпункт 17,2 кв/м

edu.kz аймақта үшінші деңгейдегі домендік атаудың болуы туралы мәліметтер;
Зерделеу барысында үшінші деңгейдегі домендік атауды «Ұлттық зертханалық орталық» АҚ (акционерлік қоғам) 2025 ж 21 сәуірінде №29 Домендік атауды тіркеу бойынша қызметтер көрсету шартымен edu.kz аймақтағы деректерге орналастырылған.
Мектептің электронды почтасы: 32-mektep@aktgoroo.kz **Мектеп сайты:** mektep32aktobe.edu.kz

Жеке пайдалануға арналған жабдықталған шкафтардың болуы туралы мәліметтер;
1-4 сынып оқушылары үшін металл шкафтар, саны 100 дана құлыппен 2 есіктен 200 оқушыларға арналған (договора №46 от 30.05.2022 ж.), 96 дана құлыппен 2 есіктен 192 оқушыларға арналған (договора №71 от 29.09.2021 ж.), **Мемлекеттік білім беру ұйымдары үшін № 32 және № 49 бұйрықтарға** сәйкес Білім беру ұйымдарының үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы. Мектепте зерделеу кезінде бейнебақылаулар саны- 75, мектеп ішінде 66, мектеп сыртында -9

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлардың болуы туралы мәліметтер; Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін жағдайлар жасалған мектепте лифт, пандус, тактильді тақталар, әжетханалар мен жабдықталған.

Білім алушылар үшін тамақтану объектісінің болуы туралы мәліметтер.

Мектепте типтік 220 орынға арналған асхана бар. Асхана бірнеше бөлмеден тұрады. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына ((ҚР Оқу-ағарту министрінің 07.12.2022 № 490 Қағида 108-1-тармақпен толықтырылды). «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 Қаулысы негізінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын және жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балаларға «Жалпыға міндетті білім беру» қорынан 26 оқушысы тамақпен қамтамасыз етілген. Бір балаға облыстық білім басқармасы бекіткен екі апталық ас мәзірі бойынша бір балаға шаққанда 507 теңге көлемінде тамақтандырылады. ҚРБЖҒ министрінің 2022ж қағидаға енгізілген өзгерісі негізінде 108-1. Білім беру ұйымдарында білім алушыларға өзімен бірге әкелінген тамақты ішу үшін қажетті жағдайлар жасалған. Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындысының берілген уақыты 01.04.2013ж. № 629. Тамақтану қызметін жеке кәсіпкер «Сәдуақасова Ж.Л.» көрсетеді. Жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі сериясы 12915 № 0025484 берілген уақыты 03.10.2007ж. Келісім шарт №19, берілген уақыты **07.03.2025ж.**

Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер М.Құрманғалиева атындағы №32 гимназия (2022-2023 оқу жылы жағдай бойынша)

Білім беру процесі жүргізілетін құрылыстың нақты мекенжайы	Тамақтандыру объектісінің атауы (асхана, буфет, дәмхана)	Тамақтандыру объектісінің санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні және нөмірі)	Ескертпе (тамақтандыру объектісін жалға берген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, 11 мөлтек аудан, 74А	Асхана 492.5кв/м	санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды 01.04.2013ж. № 629	№19 Келісім шарт, 07.03.2025ж. ИП «Сәдуақасова Ж.Л.» серия 12915 № 0025484 03.10.2007ж.

6. Ақпараттық ресурстар және кітапханалық қор

Мектепте кітапхана бар. Кітапхана ауданы 121,9 шаршы метр. Осылайша, білім беру ұйымы білім беру қызметін лицензияға сәйкес жүзеге асыратыны және лицензияның жарамдылығы уақытының бүкіл кезеңі бойы білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын сақтайтыны анықталды.

Оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қорының туралы мәліметтер (осы біліктілік талаптарына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша).

Мектепте штаттық кесте бойынша екі кітапханашы жұмыс жасайды. Кітапхана меңгерушісі: Жексенбай Айгүл Бөлекқызы, білімі: арнаулы орта. «Болашақ» колледжі 2021ж., мамандығы: кітапхана ісі. Еңбек өтілі-3 жыл. Жексенбай Айгүл Бөлекқызы «Өрлеу біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы», «Мектеп кітапханашыларының кәсіби даму жүйесінде медиа-ақпараттық сауаттылықты қалыптастыру» тақырыбы бойынша курстан өткен 03.02-29.14.02.2025ж. (80 сағат). №0873657

Кітап қоры туралы:

Жалпы кітап қоры-56892; Оның ішінде: Оқулық-34648; Көркем әдебиеттер-22244

Негізгі қор-56892 дана

Қазақ тілінде- 56600 – 87,7% ; Орыс тілінде-160 – 10,5%; Басқа тілдерде -132 – 2,5%

Материалдық-техникалық база

Кітапхананың жалпы аумағы – 121,9 шаршы метр; Оқулықтар қоймасы- 17,5 ш/м

Кітапхананың техникалық жабдықталуы:

Компьютер-11

Оның ішінде:

Оқырманға- 8 компьютер

Автоматизация -1 компьютер

Кітапханашыға- 2 компьютер

Интернетке қосылған

Автоматтандырылған ақпараттық-кітапханалық жүйе «Алақан» –мектеп кітапханасы

Электронды каталог бар.

Кітапханашылар семинарына қатысу, іс-тәжірибемен бөлісу:

«Мектептегі оқу және ақпараттық сауаттылық-жұмыстың формалары мен әдістері» оқыту семинарына қатысты. Ақтөбе қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебі. 22.11.2024ж.

«Оқуды насихаттауда шығармашылық әдіс-тәсілдер арқылы, мектеп кітапханасындағы инновациялық жұмыс формаларын дамыту» тақырыбындағы семинарға қатысты. Ақтөбе қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебі. 04.03.2025 ж.

«Қазақстан мектептеріне арналған оқу, ғылыми-танымдық және көркем әдебиеттің жаңа басылымдары» тақырыбындағы республикалық вебинарға қатысқаны үшін сертификат. 24.04.2025 ж. № 15-2025

Интернет желісіне қосылған компьютерлердің (шағын жинақты мектептерді қоспағанда) компьютерлік сыныптарының болуы туралы мәліметтер.

Зерделеу нәтижесі бойынша мектепте 270 компьютермен жабдықталған оның 72 ноутбук, 30 моноблок, 30 планшет. 2-компьютерлік кабинет 30-компьютер жұмыс жасап тұрғаны анықталды. IT-кабинет 15 компьютер, 5 планшет бар. 138 компьютер интернетке қосылған. Оптикалық-талшықты интернет желісі жүргізілген. Интернет жылдамдығы 150Мб/с.

7. Білім алушылардың білімін бағалау

Білім алушылардың дайындық деңгейіне өлшемшарттар:

-ЖП үлгілік оқу бағдарламаларына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес тиісті білім берудің әрбір білім беру саласы (және оқу пәндері) бойынша білім алушылардың даярлық деңгейі (оқытудың күтілетін нәтижелері);

Зерделеу нәтижесі бойынша:

2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 № 96) «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі қағидалары»ның 3-тарауы Білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу тәртібі бойынша жүргізілген.

2023-2024 оқу жылында 9 сыныптарда 111 оқушы, 11 сыныпта 94 оқушының 92-сі қорытынды аттестаттауға жіберілген, ал екі оқушы (11 «Б» сынып білім алушылары Бисембаева Лунара мерзімінен бұрын емтихан тапсырса, Даркен Зара Халықаралық жарысқа Ақтөбе облысы білім басқармасының №290 бұйрығымен қорытынды аттестаттаудан босатылған). Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 9 оқушы және жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа 4 оқушы, «Алтын белгі» иегерлері 5 оқушы болған.

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 – сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған.

Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2023-2024 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Облыстық білім басқармасынан жіберілген комиссия мүшесі қатысқан. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. «Алтын белгі» иегерлері 2023-2024 оқу жылында 11 «А» сынып оқушысы Іганберген Ибрахим мен 11 «Ә» сынып оқушысы Сағынаева Айшат, 11 «В» сынып оқушылары Арыстанғалиева Алтынай, Арыстанғалиева Жарқынай, Құрманова Ақниет барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, белгілерін растаған.

2023-2024 оқу жылындағы 9 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	Оқушы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
Қазақ тілі	111	Жазбаша	37	52	22	100	80,6
Алгебра	111	Жазбаша	23	48	40	100	64
Орыс тілі мен әдебиеті	111	Жазбаша	56	45	10	100	90,8
Физика	21	Жазбаша	4	12	5	100	76
Биология	7	Жазбаша	2	4	1	100	86
Шетел тілі (ағылшын)	40	Жазбаша	32	8	0	100	100
Құқық	3	Жазбаша	1	1	1	100	67
Қазақ әдебиеті	3	Жазбаша	1	2	0	100	100
Қазақстан тарихы	12	Жазбаша	3	6	3	100	75
География	20	Жазбаша	6	13	1	100	95
Химия	2	Жазбаша	1	0	1	100	50
Информатик	3	Жазбаша	3	0	0	100	100

a							
2023-2024 оқу жылындағы 11 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:							
Пән атауы	Оқушы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
Қазақ тілі	92	Жазбаша	52	40	0	100	100
Алгебра және анализ бастамалары	92	Жазбаша	28	64	0	100	100
Орыс тілі мен әдебиеті	92	Жазбаша	80	12	0	100	100
Қазақстан тарихы	92	Ауызша	38	52	2	100	97,8
Геометрия	6	Жазбаша	5	1	0	100	100
Биология	7	Жазбаша	3	4	0	100	100
Шетел тілі (ағылшын)	18	Жазбаша	16	2	0	100	100
Дүниежүзі тарихы	1	Жазбаша	1	0	0	100	100
География	46	Жазбаша	14	32	0	100	100
Химия	4	Жазбаша	4	0	0	100	100
Информатика	10	Жазбаша	9	1	0	100	100

2024-2025 оқу жылында Білім басқармасы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті 24.03.2025 жылғы №20-1-20-6/2089-И хатының негізінде, «Ақтөбе облысы білім басқармасының» ММ 2025 жылғы 1 сәуірдегі №02-08/1068 шығыс хатының негізінде, «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 2025 жылғы 1 сәуірдегі №02-03/858 хатының негізінде 2024-2025 оқу жылын аяқтау мәселелеріне қатысты, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Дін істері комитетінің ақпаратына сәйкес 2025 жылы 6 маусым ресми мереке – Құрбан айттың бірінші күні болып табылады. Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 84-бабының 5-тармағына сәйкес бұл күн демалыс күні болып есептелінді.

Осыған байланысты емтихан күнін ауыстыру бойынша, сонымен қатар білім алушылардың консультациялар алуына қолайлы жағдайлар жасау мақсатында «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне байланысты директордың 01.04.2025ж №60 бұйрығына сәйкес қорытынды аттестаттау өткізу мерзімдерін бекітілді, қорытынды аттестаттау өткізілген.

2024-2025 оқу жылында 9 сыныптарда 129 оқушының екеуі бұйрықпен босатылған (Ақтөбе облысы білім басқармасының №255 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің №02-03/1552 бұйрығы негізінде 9 «Г» сыныбының оқушысы Даркен Турарсаид теннистен өтетін (Италия мемлекеті) халықаралық жарыстарға қатысуына байланысты мемлекеттік емтихандардан босатылды және 9 «А» сыныбының оқушысы Аңсар Мерейлім баскетболдан өтетін халықаралық турнирге қатысуына байланысты 29 мамыр күні өтетін математика (Алгебра) пәнінен емтиханнан босатылды), 11 сыныпта 99 оқушы қорытынды аттестаттауға жіберілген. Жыл қорытындысы бойынша негізгі орта білім туралы үздік аттестатқа 10 оқушы және жалпы орта білім туралы үздік аттестатқа 9 оқушы, «Алтын белгі» иегерлері 4 оқушы болған.

Барлық емтихандар мектеп директорының бұйрығымен бекітілген кесте бойынша өтілген. 9 – сыныптар 4 пәннен, 11 сыныптар 5 пәннен емтихан тапсырған. Ақтөбе облысының білім басқармасы негізгі орта және жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша қорытынды аттестаттауды 2024-2025 оқу жылында ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулыққа сәйес

электронды түрде («бұлтқа» орналастырылған) бұғатталған емтихан материалдарын емтихан болатын күні берген. Оқушылар үлкен бөлмеде бір партаға бір оқушыдан отырғызылған. Облыстық білім басқармасынан жіберліген комиссия мүшесі қатысқан. Барлық талаптар сақталған. Емтиханға жауапты пән мұғалімдері емтихан бағаларын хаттамаға түсіріп, қорытынды бағаларын шығарған. Электрондық журналға түсірілген. «Алтын белгі» иегерлерінің жұмыстары облыста тексерілген. Хаттамалары берілген. «Алтын белгі» иегерлері 2024-2025оқу жылында 11 «А» сынып оқушыларыҚойшығұл Альфия, Сәрсенбай Жұлдыз, 11 «Ә» сынып оқушысы Самбаева Зарина, 11 «Г» сынып оқушысы Еркебай Ақұлан барлық емтихан пәндерінен «5» бағасын алып, белгілерін растаған.

2024-2025 оқу жылындағы9 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	Оқуш ы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
Қазақтілі	128	Жазбаша	40	77	11	100	91%
Алгебра	127	Жазбаша	26	58	43	100	66%
Орыс тілі мен әдебиеті	128	Жазбаша	75	53	0	100	100%
Физика	13	Жазбаша	8	3	2	100	85%
Биология	22	Жазбаша	8	13	1	100	95%
Шетел тілі (ағылшын)	58	Жазбаша	33	21	4	100	93%
Құқық	35	Жазбаша	15	18	2	100	94%

2024-2025 оқу жылындағы 11 класс оқушыларының қорытынды аттестаттау нәтижесі:

Пән атауы	Оқуш ы саны	Өткізу формасы	«5»	«4»	«3»	Үлгерім %	Сапа%
Қазақ тілі	99	Жазбаша	44	52	3	100	97%
Алгебра және анализ бастамалары	99	Жазбаша	35	54	10	100	90%
Қазақстан тарихы	99	Ауызша	33	56	10	100	90%
Орыс тілі мен әдебиеті	99	Жазбаша	71	27	1	100	99%
Информатика	5	Жазбаша	3	2	0	100	100%
Физика	5	Жазбаша	4	1	0	100	100%
Шетел тілі (ағылшын)	41	Жазбаша	30	11	0	100	100%
География	43	Жазбаша	25	16	2	100	95%
Құқық негіздері	5	Жазбаша	1	3	1	100	80%

Қорытынды аттестаттаудың хаттамалары тігіліп, жинақталған.

білім алушылардың білімін бағалау өлшемшарттарына сәйкес білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауды жүзеге асыру және формативті және жиынтық бағалау талаптарын сақтау

Зерделеу барысында: «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды

аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N 125 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы 2021 жылғы 28 сәуірдегі №189 бұйрығымен 2024-2025 оқу жылындағы сынып журналдарындағы бағалау bilim.klass ақпараттық жүйесімен, ұсынылған материалдармен зерделенді. Оқу жылында ағымдық бағалау баға қою, жаңартылған білім беру мазмұны бойынша балл мен тоқсандық және жылдық бағаларды қою арқылы пән мұғалімдерімен бағаланған. 1-сынып бағаланбаған. Тоқсандық баға қалыптастырушы бағалау, бөлім және тоқсан бойынша жиынтық бағалау қорытындысының негізінде 50%-да 50% пайыздық арақатынаста қойылған. 2-11-сынып білім алушыларының пәндер бойынша жылдық бағалары тоқсандық бағалар жиынтығымен шығарылған, қорытынды баға жасалған. Білім алушылардың оқу жетістігін бағалау қалыптастырушы және жиынтық бағалау нысандарында жүзеге асырылған. Сонымен қатар, білім алушылардың тоқсандық және жылдық қорытынды бағалары шығарылғандығы анықталды. Оқыту барысында білім алушылар мен мұғалім арасындағы өзара және кері байланыс қамтамасыз етіліп қалыптастырушы бағалау жүргізілген.

Қалыптастырушы бағалау бойынша 2-11-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін бағалау бір балдан 10 балға дейінгі шекте жүргізілген. Білім алушылар орындаған жұмыстарда педагогтің комментарийлері ішінара жазылған. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылауды тоқсан, бөлім (ортақ тақырып) аяқталғаннан кейін оқу материалдарының мазмұнын меңгеру деңгейін анықтау және қадағалау үшін жиынтық бағалау нысанында педагогтер атқарған. Жиынтық бағалау белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы), сондай-ақ оқу бағдарламасына сәйкес бөлімдерді (ортақ тақырыптарды) оқып аяқтағаннан кейін өткізіліп отырған. Гимназия бойынша әр тоқсан сайын гимназия директорымен бекітілген бөлім және тоқсандық жиынтық бағалау өткізу кестесі жасалған. Жиынтық бағалау кестесі пән бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспармен сәйкес келетіндігі анықталды.

Бөлім бойынша жиынтық бағалау 2-4 сыныптарда кемінде 7 және 15 балдан артық емес, 5-11-сыныптарда кемінде 7 және 20 балдан артық емес болған, аптасына 1 сағат оқу жүктемесі бар пәннен тоқсанына екі реттен артық емес, қорытынды баға жартыжылдыққа қойылған, өзге апталық жүктемесі бар пәннен тоқсанына үш реттен артық өткізілмеген. Бөлім бойынша жиынтық өткізілмейтін пәндерге «есептелінді» белгісі жазылған. Білім алушылардың оқу жетістіктерінің нәтижелері шығарылған. Жиынтық бағалау қорытындысы бойынша аттестаттаудан өтпеген білім алушы тіркелмеген. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау өлшемшарттарға сәйкес жүргізілген. Оқу пәндері бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау талаптары сақталған.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқыту кезінде инклюзивті білім беру талаптарын орындау (дамудың бұзылуын және әлеуметтік бейімделуді түзету).

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың тізімі мен құжаттары 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарына жинақталған. Осы оқу жылдарында гимназияда әрбір баланың өзіндік ерекшелігіне қарай қолайлы жағдай қалыптастырылған. Жұмыс оқу жоспары жасалып, сабақ кестесі әзірленіп, оқу жоспары мен оқу бағдарламалары дайындалған. Оқу жетістіктері бағаланып сынып журналдарына түсірілген. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар педагогпен бірге өз қызметтерінің кері байланысын жүзеге асырып отырған. Мұғалімнің күнделікті қысқа мерзімді жоспарында ПМПК қорытындысы негізінде ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға арналған жеңілдетілген жеке тапсырмалар дайындалған. Ерекше білім беруді қажет ететін баланың оқу процесін іске асыруда қарым-қатынас орнатылған. Оқу процесін тұлғаның жеке ерекшеліктерін есепке алу негізінде ұйымдастырып, барлық білім алушылардың білім беру мазмұнын меңгеруін қамтамасыз етілген. 2023-2024 оқу жылында 1 білім алушы, 2024-2025 оқу жылында 1 білім алушы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының талаптарына сәйкес оқытылған.

Үлгілік оқу жоспарға сәйкес жасалып бекітілген жұмыстық оқу жоспары бойынша түзету жұмыстары жүргізілген. Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар білім алушыларды оқыту кезінде дамудың бұзылуын түзету және әлеуметтік бейімдеу жұмыстары талапқа сай жүргізілген.

Білім алушылардың жеке мүмкіндіктері мен ерекше білім берілуіне қажеттіліктерін ескере отырып, барлық білім алушыларға сапалы білім алуына, әлеуметтік бейімделуге және өз қабілеттерін іске асыруға мүмкіндік берілген. Танымдық қажеттіліктері мен жеке ерекшеліктері есепке алынған. Білім алушының оқу процесінде көрінетін жетістіктері мен қиындықтарына сүйене отырып, түзету шаралары жүргізіліп отырған.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды психологиялық – педагогикалық қолдап

отыруға, білім алушының ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтауды және бағалауды, ерекше білім беру қажеттіліктері бар педагогтер мен білім алушының отбасына консультативтік-әдістемелік көмек көрсетуді, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды табысты оқыту, дамыту және әлеуметтендіру үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасау қамтылған. Білім алушының білім алуы, даму бұзушылықтарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін қажетті жағдайлар жасалып, мектеп психологтарымен, әлеуметтік педагогымен жұмыстар жүргізілген. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен және олардың ата – аналарымен педагогикалық – психологиялық және әлеуметтік сүйемелдеу жұмыстары жүйелі жүргізіліп, әлеуметтік педагог, психолог, сынып жетекші тарапынан қолдау жұмыстары ұйымдастырылған. Білім алушылар қоғамдық жұмыстарға, іс – шараларға қатыстырылған. Білім алушылардың білім алуына қолайлы жағдайлар жасалған. Мектепте өзін еркін сезінуге, өзін-өзі басқара білуге, өзі өмір сүретін ортаны толық бағдарлай білуге үйрету, баланы мектепшілік іс шараларға қатыстыру арқылы белсенділігін, қызығушылығын арттыру жұмыстар тұрақты түрде ұйымдастырылған. Мұғалімдердің сабақ жоспарлары баланың психофизикалық мүмкіндіктерін, даму ерекшелігін ескере отырып құрылып, жеңілдетілген тапсырмалар берілген. Сабақ үстінде оқушымен жеке жұмыстар жасалған.

Білім алушыларды республикалық, облыстық, қалалық байқауларға қатыстыру шаралары ұйымдастырылған. Ерекше білім беру қажеттілігі бар 2023-2024 оқу жылында 6ғ сынып білім алушысы Алматылы Санжар Республикалық «Бояулар құпиясы» байқауына қатысып, I дәрежелі дипломмен, облыстық «Балдаурен» конкурсына қатысып, III дәрежелі дипломмен марапатталып, Республикалық «Жұлдызай» шығармашылық байқауына қатысқаны үшін сертификатқа ие болған. 2024-2025 оқу жылында 7ғ сынып білім алушысы Алматылы Санжар қалалық «Әлем балалар көзімен» сырттай фотобайқауына қатысып, «Табиғи құбылыстар» номинациясы бойынша үздік нәтиже көрсеткені үшін I дәрежелі дипломмен марапатталған. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға психологиялық жайлы орта қамтамасыз етілген.

2023-2024, 2024-2025 оқу жылында негізгі орта білім беру және жалпы білім беретін сыныптарында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен мектеп психологының педагогикалық – психологиялық сүйемелдеу жұмыстары ұйымдастырылған. Психологиялық - педагогикалық қолдау бойынша жеке жұмыс жоспары құрылып, диагностикалық, түзету дамыту жұмыстары бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілген. Білім алушылардың танымдық үрдісінің дамуын сүйемелдеу, таным үрдісінің деңгейін бақылап отыру, өзгеріс динамикаларын құру, диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша қолдау мамандарына ұсыныстар беру, ұсыныстың орындалуы туралы жұмыстар жүйелі ретке қойылған. Диагностикалық жұмыстар жеке және топтық деңгейде ұйымдастырылып, есте сақтау процесінің түрлері, ойлау, қабылдау, зейін процесінің қасиеттерінің деңгейі зерттеліп, түзету дамыту жұмыстары жүргізілген. Білім алушылардың ақыл ой дамуының деңгейі, қарым - қатынас аймағы, топтағы орны анықталып, жүргізілген жұмыстар бойынша ұсыныстар берілген. Түзету- дамыту жұмысы бойынша топтық деңгейде білім алушылардың коммуникативтілік белсенділік деңгейін бақылау және дамытуға ықпал ету мақсатында түзету сабақтары ұйымдастырылған. Жүргізілген түзету- дамыту сабақтарының қорытындысы бойынша білім алушының қатысым белсенділігі, ортада өзін - өзі ұстауы және еркін сезіне білу қасиеттері жақсы деңгейде бағаланған.

Орта және жоғары сынып білім алушыларының танымдық - когнитивті процестерін зерделеу мақсатында «Ақыл ой дамуының мектептік тесті», танымдық процестерінің дамуын комплексті зерттеу, деңгейлерін анықтау үшін әдістемелер жүргізілген. Жүргізілген диагностикалық жұмыстардың қорытындысы бойынша білім алушының танымдық – эмоционалдық даму деңгейі қалыпты деп бағаланған. Түзету- дамыту және алдын алу жұмыстары бойынша дәріс – тренингтер жоспарлы ұйымдастырылған. Білім алушының коммуникативтілік белсенділігі, қарым – қатынас аймағының дамуы, өзіндік «Мен» позициясының қалыптасуы жақсы деңгейде бағаланып, көрсетілген. Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша білім алушылардың психикалық және дене даму ерекшеліктері, мінез құлықтық және эмоционалдық мәселелері жас ерекшелігіне сәйкес қалыпты деп бағаланған.

Гимназияның психологиялық қолдау қызметінің бастауыш сыныптар арасында ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен құрылған жұмыс жоспары 3 кезеңге бөлініп, іске асырылған. Жоспар негізінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың топтағы орнын және топтық

Пирмаханова Турсулу Аязбаевна
(толық аты-жөні)